

САРАПТАМА



2025 ЖЫЛҒЫ
БАСТЫ ҮДЕРІСТЕР

Аймақтың саяси келбеті қандай болды?

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №114 (6676) 26 желтоқсан, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ

МЕЙІРІМГЕ ТОЛЫ МЕРЕКЕЛІК СӘТ

балаларға қуаныш сыйлады

Алматыда «Жаңа жыл елімізді аралап әкеледі» атты дәстүрлі жаңажылдық Президент шыршасы салтанатты түрде ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шараға Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қатысты. Президент шыршасы еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері жалғасын тауып келе жатқан игі дәстүр. Аталмыш мереке балаларға қуаныш сыйлап, оларға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіліп жатқанын сезіндіруге, қамқорлық пен мейірімді жеткізуге бағыттала келеді.



Рая
ЕСКЕНДІР



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТҰРАҚТЫ ӘРІ ТЕҢГЕРІМДІ ДАМУ


Алматының Бас жоспары қоғам талқылауында

Алматыда қаланың Бас жоспарын түзету жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар басталды. Мегаполистің 2040 жылға дейінгі дамуын айқындайтын негізгі қала құрылысының құжаты бойынша қоғамдық талқылауларға сарапшылар, қоғам өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен қала тұрғындары қатысуда.

Бас жоспарды қайта қарауға негіз болған басты себептердің бірі – Мемлекет басшысының тау бөктері аймағында құрылыс салуға тыйым салу жөніндегі тапсырмасы. Жаңартылған жобада Талғар тас жолынан, Шығыс айналма автожолынан, әл-Фараби даңғылынан, Саин және Жандосов көшелерінен оңтүстікке қарай жаңа көппәтерлі тұрғын үй салуға, сондай-ақ еңісі 15 градустан асатын беткейлерде құрылыс жүргізуге тыйым

салу нормасы бекітілген. Бұл шаралар тау бөктерін қорғауға бағытталған. Құжатта сондай-ақ, тұрғын үй құрылысының көлемін қайта бөлу, әлеуметтік инфрақұрылымды – мектептерді, балабақшаларды, медициналық және мәдени мекемелерді дамыту, сондай-ақ 2040 жылға қарай халық санының 3,6 млн. адамға дейін өсуі болжамын ескере отырып, жаңа қоғамдық кеңістіктер қалыптастыру көзделген.

3



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:




@AQSHAMY_KZ




@TikTok



@AQSHAM_NEWS





www.aqshamnews.kz



0 745178 614887 >



БАТЫР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Бауыржан Момышұлына ресми түрде «Халық қаһарманы» атағы берілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысы жұртшылығымен кездесуде халық жүрегінен ерекше орын алған батыр Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойғанын мәлімдеді.

лы ретінде әрдайым көпке үлгі-өнеге болуға тиіс», – деді Президент.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы өңірдегі сапары аясында Тараздағы мамандандырылған әскери мектеп-интернатқа арнайы барып, оқу орнына батырдың есімін беруді ұсынды. Әрі мұндай оқу орындары еліміздің әр өңірінде ашылуы керек екенін атап, Үкіметке бұл мәселені пысықтауды тапсырды.

«Баукеңнің ерлігі жай аңыз емес, бұл – нақты құжаттармен дәлелденген, Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар мойындаған сөзсіз ерлік. Елге ерлігімен танылған, еңбегі сіңген азаматтарын бағалай білген жұрт ешқашан ұтылмайды», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

БАУЫРЖАН ЕСІМДІ ҰЛАНДАР

Қазіргі уақытта ҚР ІІМ-ның Ұлттық ұланы қатарында Отан алдындағы борышын Бауыржан атты 249 әскери қызметші өтеп жүр.

Иә, Бауыржан есімі еліміздің Қарулы күштерінде айрықша орын алады. Бұл, ең алдымен, аты аңызға айналған қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының өмір жолымен тікелей байланысты. Оның тағылымға толы ғұмыры мен майдандағы тәжірибесі Отан қорғаушылардың талай буынына рухани бағдар болды. Ал тәртіп, жауапкершілік пен отансүйгіштікке негізделген қағидаттары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Алматы қаласындағы Ұлттық ұланың 5571 әскери бөліміне Халық қа-

һарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының есімі берілуі ерекше символдық мәнге ие.

– Бауыржан Момышұлы – мен үшін ерлік пен тәртіптің, шынайы патриотизмнің жарқын бейнесі. Оның есімі маған ерекше жауапкершілік жүктейді. Бұл бізді аңызға айналған батырдың даңқты жолын лайықты жалғастыруға міндеттейді. Ұлттық ұлан қатарында қызмет ету – мен үшін үлкен абырой. Негізгі мақсатым – әскери антқа адал болып, еліміздің азаматтарының тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, – дейді 5517 әскери бөлімінің мерзімді қызметтегі сарбазы қатардағы Бауыржан Төлемағамет.

Нұржамал ӘЛІШ.

ГЕОСАЯСАТ

2025 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ ҮДЕРІСТЕР

Аймақтың саяси келбеті қандай болды?

Санаулы күннен кейін 2025 жыл да тарих қойнауына кетпек. Газетіміздің өткен нөмірінде биыл әлемде болған маңызды саяси оқиғаларға шолу жасаған едік. Жыл сайын жаһандық геосаяси аренада маңызы артып келе жатқан Орталық Азия үшін де биыл тәуекелімен бірге мүмкіндіктерге толы жыл болды. Мақалада аймаққа маңызды болған саяси оқиғаларға талдау жасап көрелік.

Шекара мәселесі оң шешілді

Шекара дауы Орталық Азия елдері үшін ең өзекті мәселе болып келген. Себебі, аумақтық тұтастық, жер мәселелерінің оң шешілуі кез келген елдің ұлттық мүддесінің өзегі. Аймақта биыл осы бағытта оң шешімдер қабылданып, маңызды келісімдер жасалды.

13 наурызда Қырғызстан мен Тәжікстан президенттері жалпы шекараны демаркациялау туралы келісімге қол қойды. Кейінірек, 31 наурызда Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері үш елдің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы келісімге қол қойып, Фергана алқабындағы ондаған жылдық шекаралық шиеленісті тоқтатты.

Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы келісім, соңғы жылдағы адам қазасы тіркелген шекаралық қақтығысты тоқтатуға бағытталған. 2021 және 2022 жылдары екі тарап арасында Қырғызстанның Баткен қаласы маңындағы шекарада бірнеше рет қақтығыс болды. Шекаралық дау 2022 жылғы қыркүйекте алты күндік қақтығысқа ұласты. Бұл алқаптағы дау Кеңес үкіметі кезеңінен бері шешілмей келді. Өзбекстан алқапта өз шекаралары туралы келісімге қол жеткізгенімен, Қырғызстан мен Тәжікстан шекараны делимитациялау туралы шешімге келмеген еді.

Осылайша Қырғызстан мен Тәжікстан шекарасы бойындағы даулы аумақтарды реттеу алқапта бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға маңызды қадам болды. Себебі, осы мәселенің шешілуі арқасында наурыз айының соңында



Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан арасында үштік келісімге қол қойылды. Шекара дауының оң шешілуіне сөзсіз аймақ елдері басшыларының саяси жігері әсер етті.

Су-энергетикалық салада ілгерілеу бар

Су мәселесі де Орталық Азия елдеріне ортақ әрі өзекті тақырыптың бірі. Ол ауыл шаруашылығына, өндіріске және халық тұтынатын ресурс ретінде аймақ елдерінде қолданылады. Осыған орай аймақ елдері компромисс негізінде түрлі келісімдерге келген. Мысалы, 1997 жылғы Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан арасындағы келісімге сәйкес Бішкек су беруге, Ал Қазақстан мен Өзбекстан электр қуатымен бөлісуге уағдаласқан.

2025 жылы 22 қарашада Алматыда үш мемлекеттің су-энергетикалық ведомство басшыларының отырысы өтті. Жиын қорытындысы бойынша тараптар 1997 жылғы келісімді растап, оны жалғастыруға келіскен. Келісімге сәйкес Астана мен Ташкент күз-қыз мезгілінде Қырғызстанға электр қуатын, ал Бішкек жиналған судың бір бөлігін суару мау-

сымында беруге уағдаласты. Мұндай келісімге келуге келесі жылғы Тоқтоғұл су қоймасында су көлемінің азаюы туралы болжам әсер етті.

Бұдан бөлек, биыл Орталық Азия елдерінің Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы екі рет отырыс өткізді. Жиындар 14 тамызда Қазақстанда, 13 қарашада Ашхабадта өтті. Ашхабадтағы отырыста 2025-2026 жылдардағы вегетацияаралық кезеңге арналған Нарын-Сырдария су қоймаларының жұмыс кестесі бекітіліп, Шардара су қоймасына келетін болжамды су көлемі келісілді. Комиссияның 92-отырысы 2026 жылы Тәжікстанда өтеді. Отырыс суару маусымының алдында немесе ортасында өтуі мүмкін. Осылайша аймақ елдері үшін маңызды мәселеде қысқа мерзімді шаралар қабылданып, ұзақмерзімді нәтижеге қол жеткізілді.

«5+1» форматы өміршеңдігін көрсетуде

Биыл «Орталық Азия+» форматында бірнеше саммит өтті. 4 сәуірде ЕО, 9 қазанда Ресей, 7 қарашада АҚШ, 20 желтоқсанда Жапония елдерімен осы

форматта кездесулер ұйымдастырылды. Бұл аймақтың халықаралық қатынастар субъектісі ретінде қалыптасып жатқанын көрсетеді. Екінші жағынан жаһандық және аймақтық саяси ықпалды елдердің аймаққа қызығушылығы жоғары екенін дәлелдейді. Бұл қызығушылық 2022 жылдан бері күшейді.

2025 жылы 4 сәуірде Өзбекстанның Самарқанд қаласында Еуропа одағы мен Орталық Азия елдері арасындағы алғашқы саммит өтті. Саммиттің басты тақырыбы «Болашаққа инвестиция» деп аталды. Саммитке Еуропалық кеңестің төрағасы Антониу Кошту, Еуропалық комиссияның басшысы Урсула фон дер Ляйен, сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары қатысты. Саммит қорытындысы бойынша қабылданған бірлескен декларация Еуропалық одақ пен Орталық Азия елдері арасындағы өзара іс-қимыл деңгейін стратегиялық әріптестікке дейін көтерді.

Араға үш жыл салып «ОА+Ресей» форматына жан бітті. Алғашқы саммит 2022 жылы күзде Астанада өткен еді. Ал екінші саммит биыл 9 қазанда өтті. Мәскеудің бұл форматқа қызығушылығының оянуы аймаққа деген көзқарастың өзгергенін көрсетеді. Себебі, өзге жаһандық және аймақтық саяси ойыншылар Орталық Азия үшін бәсекені күшейтті.

Қараша айында өткен «С5+1» форматындағы кездесу АҚШ-тың жаңа басшысының аймаққа назар аударғанын білдіреді. Әрине, АҚШ Орталық Азиямен бірінші кезекте ұлттық мүддені ескіріп әрекет етуде. Бұл іскерлік әріптестік, пайдалы және сирек кездесетін металдар өндірісі. Жапонияның да ұстанымы осыған ұқсас. Бірақ Токио сирек кездесетін металдардың орнына аймақтың көлік-транзиттік әлеуетін арттыруға белсенді түрде инвестиция құюға дайын екенін растауымен ерекшеленді. Бұл саммиттер «ОА+» форматының өміршеңдігін дәлелдеуде. Мұндай кездесулер 2026 жылы да жалғасуы мүмкін.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.



Коллажды дайындаған Н.ӨРІСҰЛЫ.



ТҰРАҚТЫ ӘРІ ТЕҢГЕРІМДІ ДАМУ

Алматының Бас жоспары қоғам талқылауында

(Басы 1-бетте).


Қоғамдық талқылауға қатысушылардың сұрақтарына жауап берген «Алматыбасжоспар» ҒЗИ директоры Асхат Сәдуов талқылау барысында келіп түсетін барлық ұсыныс міндетті түрде байланыс деректері – телефон нөмірі немесе электрондық пошта мекен-жайы көрсетілген жағдайда қабылданыатынын атап өтті.



«Бұл құжат қолайлы, қауіпсіз, экологиялық тұрғыдан орнықты және заманауи Алматы қаласын қалыптастыруға негіз болуы тиіс. Әрбір өтініш бойынша кері байланыс қамтамасыз етілді: сұрақтың сипатына қарай жауап телефон арқылы немесе электрондық пошта арқылы жолданады. Бас жоспардың мазмұнына қатысты барлық құрылымды ұсыныс қаралады және қажет болған жағдайда құжатты одан әрі жетілдіру барысында ескеріледі», – деді ол.

Қоғамдық көлікті дамыту көп мәселені шешеді

Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарын түзетуге арналған қоғамдық тыңдаулар барысында тұрғындар көлік жүктемесіне қатысты, атап айтқанда, әл-Фараби даңғылындағы тұрақты кептеліс пен БРТ желісін дамыту тиімділігі туралы сұрақтар қойды. «Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институтының директоры Асхат Сәдуов жаңа Бас жоспарда қандай шешімдер қарастырылғанын және неге қоғамдық көлікке басымдық бермей кептеліс мәселесін шешу мүмкін еместігін түсіндірді. Оның айтуынша,



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

жаңа Бас жоспардың негізгі бағытының бірі кептеліс пен экология мәселесін шешудің негізгі құралы ретінде қоғамдық көлікті дамыту болмақ.

«Егер біз қаланы дамыту мен экологиялық жағдайды жақсартқымыз келсе, қоғамдық көлікке отыруымыз керек. Қазір көпшілік жүргізуші көзқарасымен қарайды, бірақ қалаға қоғамдық көлікке басымдық беретін түбегейлі қадам қажет. Сонда ғана кептеліс мәселесін азайта аламыз», – деді ол.

Сондай-ақ, маман әл-Фараби даңғылындағы жағдайға жеке тоқталды. Бұл көше ұзақ уақыт бойы «жылдам» әрі бос көлік дәлізі ретінде саналып келген. Асхат Сәдуов әл-Фараби даңғылындағы қозғалысты ұйымдастыруға қатысты тәсілдерді өзгерту қажет екенін айтты.

«Көпшілік әл-Фарабиде жылдамдық 80 км/сағат, бағдаршам жоқ деп сол бағытқа ұмтылады. Басында бұл жүйе жұмыс істеді, бірақ кейін сұраныстың артуы кептеліске алып келді, бүгінде бұл көшеде үнемі кептеліс болады. Мәскеу мен ондағы айналма автожолдың тәжірибесі көрсеткендей, бос көлік дәлізі пайда болған сәтте барлығы сол бағытқа ағылады. Әл-Фараби даңғылы да бүгінде осы мәселені бастан кешіп отыр. Жалғыз шешім – қоғамдық көлікті дамыту. Біз осы ұстанымды ұстанамыз. Жеке пікірім – әл-Фарабиге бағдаршам орнату керек», – деді ол.

5 полиорталық

Алматы қаласының полиорталықты дамуы мегаполистегі көптеген мәселені шешуге мүмкіндік береді. Бұл туралы Бас жоспарды түзету жобасы бойынша өткен қоғамдық талқылау барысында «Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институтының басшысы Асхат Сәдуов айтты.

Алматыны 2040 жылға дейін дамытуға арналған Бас жоспар жобасына сәйкес, қалада «Тарихи орталық», «Шығыс қақпасы», «Батыс», «Оңтүстік-батыс» және «Солтүстік» сынды бес ірі полиорталық құру көзделген. Оның айтуынша, бұл полиорталықтарда қала тұрғындары сауда жасау, бос уақытты тиімді өткізу және т.б. орталықтағыдай қызмет ала алады. Сонымен қатар, осы полиорталықтардың өзара тығыз байланыста болуы маңызды.

«Бүкілқалалық біртұтас жүйеге айналдыру үшін бес полиорталықты біріктіру керек», – деді Асхат Сәдуов.

Алматыны полиорталықты дамыту стратегиясы аясында метро желісін әуежай мен Алатау қаласына дейін кеңейту жоспарланып отыр. Сондай-ақ, спикер ЛРТ желісін дамыту жоспары жайлы айтты. Алдын ала жоспар бойынша жеңіл рельсті трамвай желісі болашақтағы «Барлық» метро бекетінен Төле би көшесі арқылы Алматы-2 теміржол вокзалына дейін жетеді. Одан әрі ЛРТ желісі Райымбек даңғылы бойымен «Шығыс қақпасы» бағытына жалғасады. Кейін ЛРТ желісі оңтүстікке қарай тартылады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бахтияр САБДЕНАЛИЕВ,
Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясының ректоры:

Уақытылы қабылданған шешім

Демографиялық өсімді ескере отырып, полицентрлі дамуға басымдық берілуі – құптарлық бағыт. Құжатта экологиялық мәселелер, көлік-логистикалық хабты дамыту, сондай-ақ бүгінгі таңда көлік ағындарын орталыққа шоғырландырып отырған қаланың батыс және шығыс қақпаларын дамыту тетіктері қарастырылған. Ал BRT, LRT, метро және арнайы жолақтар азаматтардың жұмыс орнына 15–30 минут ішінде жетуіне мүмкіндік беруге тиіс. Мұндай тәжірибе Лондон, Нью-Йорк сынды ірі мегаполистерде кеңінен қолданылады. Қала өмірін тек орталыққа сүйене отырып ұйымдастыру мүмкін емес, бұл – бүгінгі таңда баламасы жоқ қажеттілік.

Сондай-ақ, тау бөктеріндегі аймақтарда құрылыс салуға тыйым салу – стратегиялық тұрғыдан дұрыс әрі уақытылы қабылданған шешім. 2040 жылға дейінгі Бас жоспарда қаланың жасыл қаңқасын дамыту көзделген, бұл қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруда ерекше маңызға ие.



Марат ЖАЙДАРОВ,
Алматы көлік және коммуникациялар колледжі директорының орынбасары:

ЖИ мамандарына сұраныс артады

Заманауи метро және ЛРТ пойыздары, электробустар мен БРТ автобустары – бұл цифрлық басқару жүйелері, тартқыш жетектер, борттық диагностика, қауіпсіздік пен байланыс жүйелерімен жабдықталған жоғары технологиялы көліктер. Сондықтан электроника, қуатты электротехника, автоматика, бағдарламалық-аппараттық кешендер, мониторинг жүйелері мен жасанды интеллект саласында жұмыс істей алатын мамандарға сұраныс артады.

Қоғамдық көлікті дамыту – бұл экология мен тұрғындардың жайлылығына салынған инвестиция ғана емес, сонымен қатар жоғары білікті техникалық еңбек нарығын қалыптастыру.





ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

табысты қорытындыланды

Шаһарда Жұмысшы мамандықтар жылы салтанатты түрде жабуға арналған «ALMATY PROF SKILLS: нәтижелері және даму перспективалары» атты қалалық форумы өтті. Оған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов қатысты.



Досбол
АТАЖАН

Іс-шара барысында Мемлекет басшысының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау бойынша тапсырмаларын орындау, Жұмысшы мамандықтар жылында қол жеткізілген нәтижелер мен үздік тәжірибелер бойынша қорытынды жасалды. Атап айтқанда, Алатау ауданындағы Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында қалалық колледж студенттері арнайы көрме ұйымдастырды. Онда колледждерге серіктес кәсіпорындар мен тәлімгерлер біріккен жұмыс нәтижелерін паш етті.

Сондай-ақ, салтанатты іс-шара барысында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға елеулі үлес қосқан оқытушылар мен мамандар марапатталды. Республикалық WorldSkills байқауында командалық бірінші орынға ие болған Алматы колледждерінің студенттеріне қаржылай сыйлықтар табысталды.

– Биыл ауыз толтырып айтатын жетістіктеріміз мол. Соның ішінде ерекше алматылық команданың «WorldSkills Kazakhstan» чемпионатында жүлделі бірінші орын алуын атап өтуге болады. Алматы қашан да білім, бизнес, мәдениет орталығы болған, солай болып қала береді. Алып шаһар Алматы күрделі даму үстінде және оның экономикасы да күрделене түседі. Соған сәйкес, біз қала сұранысын қамтамасыз ететін



тиісті мамандарды дайындай білуіміз керек. Осы бағытта колледждер желісінің атқаратын орны орасан зор. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» бұл жылмен тоқтап қалмайды. Бұл тек үлкен бір жолдың тағы бір белесі, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов.

Айта кеткен жөн, қазіргі уақытта мегаполисте экономиканың негізгі салалары үшін мамандар дайындайтын 88 колледж жұмыс істейді. Олардың 22-сі мемлекеттік, 66-сы жекеменшік. Педагогтардың жалпы саны – 5626 адам, ал студенттер саны – 86 818 адамға жетеді. Олардың жартысынан көбі (50 428) мемлекеттік грант есебінен білім алады. Сонымен қатар, 2025 жылы 132 оқытушы АҚШ, Қытай және Сингапурда тағылымдамадан өтті. Халықаралық ынтымақтастық – Алматы кәсіптік



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыты.

Одан бөлек, Алматы колледждерінде дайындық 131 мамандық бойынша және 220 біліктілік бойынша жүргізіледі. Бұл бағыттар құрылыс, көлік, энергетика, қызмет көрсету саласы, білім беру, денсаулық сақтау, экономика, байланыс және IT сияқты еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып қалыптастырылған. 2025 жылғы түлектердің 94,3% -ы сәтті жұмысқа орналасты. Болашақ мамандарды еңбек нарығының талаптарына бейімдеу және өндірістің нақты жағдайларында тәжірибелік дағдылар қалыптастыру мақсатында 770 кәсіпорынмен ынтымақтастық туралы келісімдер жасалған. 52 колледжде дуалды оқыту түрі бойынша 22 067 студент оқиды. Яғни теориялық білімнен бөлек серіктес кәсіпорында жұмыс істеп, тәжірибе жинай алады.

МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМА

«ДОСТЫҚТАН ТУҒАН ҒАЖАЙЫП!»

Оқушылар сарайы жас достарын күтеді

Тау етегіндегі балалардың думанды мекені Оқушылар сарайында жаңажылдық «Достықтан туған ғажайып!» атты жаңажылдық шырша мерекесі басталды. Дәстүрлі жаңажылдық шырша мерекесінің бағдарламасы биыл 6–11 жас және 12–15 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге арналып отыр.



тер, көңілді ойындар балақайларға ұнағаны соншалық, әп-сәтте белсене араласып, түрлі сыйлықтарға қарқ болды.

Осыдан соң балалар мультфильм кейіпкерлерімен бірге ертегілер әлеміне саяхат жасады. Нағыз жаңажылдық көңілді атмосфера енді бас-талғандай.

«Жаңа жыл балалардың ең сүйікті мерекесі. Өйткені, бұл мереке шаттық пен қуанышқа толы болады. Сондықтан да бала біткен жыл бойы күтеді. Биыл да осынау сиқырлы мерекені Оқушылар сарайы ұйымдастырып, үлкен қуаныш сыйлап отыр. Жалпы, бұл жоба балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдас-

тыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және достыққа негізделген. Сіздер де бізбен ертегі әлеміне еніп, Жаңа жылды қарсы алыңыздар! – дейді Оқушылар сарайының басшысы Айгүл Болатбекқызы.

Ортаға Ақшақар мен Аяз Ата шыға келгенде бала біткен жамырай амандасып, ұзақ уақыт құрмет көрсетті.

«Мен ұзақ жолдан келдім. Жол бойы жағымсыз кейіпкерлермен кездесіп, келеңсіз оқиғаға жолықтым. Олар менің тәттіге толы қапшығымды тартып алмақшы болды. Дегенмен, қайырымды кейіпкерлердің көмегімен аман-есен жеттім. Мен сендерді сондай сағындым», – деген Аяз ата алыстан әкелген тәттілерін тарата бастады.

Оқушылар сарайында басталған «Достықтан туған ғажайып!» атты жаңажылдық сиқырлы бағдарлама барысында балалар ертегі кейіпкерлерімен кездесіп, мерекелік көңіл күйге бөленді. Аяз ата мен Ақшақар жылы лебізімен балаларға қуаныш сыйлады, ал шырша жағу ең есте қаларлық және жарқын сәтке айналды. Мереке соңы жаңажылдық дискотекаға ұласты.

Айта кетейік, іс-шара 31 желтоқсанға дейін жалғасады.



Рая
ЕСКЕНДІР



МЕГАПОЛИС

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ДАМУ, ДРАЙВ, ДИНАМИКА

Алматының биылғы жетістігі туралы сарапшылар не дейді?



Айдархан ҚҰСАЙЫНОВ, экономист, ҚР Ұлттық банк төрағасының бұрынғы кеңесшісі:

– Алматының биылғы экономикалық нәтижелері көңілге сенім ұялатады. Бұл, әсіресе, қала тұрғындарының әл-ауқатынан байқалады: жалақысы жағынан алматылықтар республикалық орташа көрсеткіштерден айтарлықтай озық тұр. Нақты айтқанда, кем дегенде тоғыз айдың қоры-

тындысы бойынша халық табысы өсті. Шаһардың жақсы көрсеткіштері жалпыұлттық нәтижеге де елеулі үлес қосты. Экономикалық өсім адамдардың өміріне тікелей әсер етіп, ол көбірек табыс табуға мүмкіндік береді.

Биыл инвестициялар да айтарлықтай өсті. Алматы үшін бұл заңды құбылыс: қала іскерлік орталық болып қала береді, сондықтан бизнесмендер бұл жерге ақша салуға ынталы. Салық түсімі бойынша да ілгерілеу байқалады. Қала нарық көлемі мен ақша айналымы жағынан іс жүзінде өзін-өзі қамтамасыз ететін деңгейге жетті. Бұл жерде шағын және орта бизнестен түсетін салықтың қалалық бюджетке берілгені үлкен рөл атқарды.

Алматылық ретінде мені қаланың сыртқы келбетінің өзгергені де қуантады. Жақында Сайран көлі маңында серуендеп қайттым. Ол жер шынымен көзтартар әдемі болыпты. Үлкен-кіші түгел сол маңда қыдырып жүр. Бұл – өте сәтті жоба. Мен үшін биылғы ең жағымды жаңалық та осы деп санаймын.



Қайыржан ӘБДІХАЛЫҚОВ, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Алматы азаматтық альянсының» төрағасы:

– Биыл Алматыда қалалық инфрақұрылымды дамытатын қыруар жұмыс қолға алынды. Бұл ең алдымен қоғамдық көлік жұмысының жақсарып қалғанынан байқалады. Сонымен қатар, су, жылу, электр мен газбен қамту жүйелерін жаңғырту белсенді түрде жүріп жатыр. Биыл қала орталығында да, шет аймақтарда да заманауи шамдар орнатылып, көшелерде тұрғындар еркін жүре алады, яғни қауіпсіз, қолайлы. Көшелермен бірге аулалар да абаттанып жатыр.

Алматыны дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы мен 2030 жылға дейінгі жаңа бағдарламасында орнықты даму мақсатына байланысты көптеген индикатор бар. Бұл қалалық инфрақұрылымды жүйелі түрде жоспарлап дамытуға мүмкіндік береді деген сөз.

Абаттандыру, көгалдандыру, ағаштар мен бұталар отырғызу қаланың экологиялық жағдайын жақсартады. Әрине, су, электрмен қамту, ауа сапасы секілді шешілмеген мәселелер әлі де бар. Бірақ әкімдік ғалымдармен, қоғам белсенділерімен бірлесіп, қала өмірін жайлы ете түсу үшін оңтайлы шешімдер іздеп жатыр.



Мұхтар АЙСАУЫТОВ, ҚР еңбек сіңірген құрылысшысы, Қазақстандағы бес ірі құрылыс компаниясының алғашқы басшысы:

– Биыл Алматыда ерекше нысандар көп салынды. Екі жаңа музей ашылды, Сайран көлінің жағалауы қайта жаңғыртылды. Кейінгі уақытта жалпы құрылыс мәселесіне көбірек көңіл бөлініп жатқанын байқап жүрмін. Мен мұны қала басшылығына Дархан Сатыбалдының келуімен байланыстырамын. Ол бұл саланы жақсы біледі, мердігерлерді бақылап, жұмыстың сапалы істелуін үнемі талап етіп отырады.

Үйлер бір-біріне тым жақын, кіреберісі, ауласы мен балалар алаңы жоқ ретсіз құрылыстың тоқтағаны да дұрыс. Қазір көзқарас өзгеріп келеді. Бұл өте дұрыс шешім.

Иә, қаланы салу керек, бірақ сауатты түрде салу керек. Тауға қарай жылжымай, орталықты тарылтпай, Алматыны Жансүгіров көшесі мен әуежайға қарай дамыту керек. Бұл қаланы ыңғайлы, әдемі, экологиялық тұрғыда да таза етеді.

2025 жыл

Алматы үшін экономикалық, инфрақұрылымдық және мәдени тұрғыдан айтарлықтай өзгеріске толы болды дейді сарапшылар. Ел алдында жүрген белгілі азаматтар, қоғам өкілдері, мегаполистің бір жылдағы жетістігі қандай, алдағы жылы қалада әлі де дамытуды қажет ететін бағыттар қайсы, міне, сол жөнінде сөз алады.

Жангелді СҮЛЕЙМАНОВ, адвокат, Suleiman&Partners басқарушы серіктесі, «Халық заңгері» акциясының бастамашысы:

– Маған жылдың басты оқиғасы әлемдегі ең атақты мадридтік «Реал» клубының келгені болды. Әлемдік футбол жұлдыздарының Алматыны нағыз мерекеге айналдырып, қала билігі де меймандарды қабылдау мен қауіпсіздік мәселесін лайықты деңгейде қамтамасыз етті. Футболшыларға да Алматы қатты ұнаған. Бұл таңқаларлық нәрсе емес. Қала әлемдегі үздік тәжірибелерге сай дамып, жасыл-желегі жайқалып, экологиясы таза болуына басымдық беріп отыр. Сайран тұрғындар мен туристер үшін тартымды жерге айналды.

Тереңқұр да соған мысал. Табиғатқа жақын болу үшін әуре болып қала сыртына шығып керегі жоқ енді. Бәрі жаныңда тұр.

Қоғамдық кеңістіктер көбейіп келеді, адамдардың да өзгеріп жатқанын көріп отырмыз. Біз қаланы өзгертсек, қала да бізді өзгертеді.



Ақмаржан КӨШЕРБАЕВА, әнші, БҰҰ Халық қорының (ЮНФПА) Қазақстандағы Құрметті елшісі:

– Мен үшін биылғы ең маңызды оқиғалардың бірі – Алматыда Museum of Arts музейінің ашылуы. Бұл қала үшін ғана емес, бүкіл ел үшін де айтулы жаңалық болды десем, қателеспеймін. Біз әлемдік арт-кеңістіктер картасына кірдік. Әлемге әйгілі суретшілердің туындыларын өз елімізде көру – ол да бір мәртебе, үлкен құндылық.

Кәсіпкер Нұрлан Смағұлов сол музейге өз қаражатынан шамамен 300 миллион доллар салды, әкімдік жер телімін бөліп, жобаны қолдады. Қалалық биліктің мұндай бастамаларға кедергі жасамай, керісінше мәдени ортаны дамытуға көмектесуі құптарлық нәрсе.

Жаңадан ашылған «Целинный» ірі арт-орталыққа айналды. Әлемдік артистермен коллаборацияда жұмыс істейтін дарынды жас суретшілер көбейіп келеді. Бұл тұрғыда Алматы заман талабына сай дамып отыр.

Жаңартылған Тереңқұр, серуендеу бағыттары, мәдени іс-шаралар – мұның бәрі қаланы тартымды ете түседі. Шетелдіктер де бізге осындай әдемілік үшін қызығады. Алматыны шын жүректен сүйіп, оның дамуына үлес қосуға дайын адамдардың арқасында қала жыл сайын құлпырып келеді.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

«КӨРЕРМЕН ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАБУ – БАСТЫ МҰРАТЫМЫЗ»



Мәдениет пен өнер – ұлт жадын жаңғыртып, руханиятты тереңдететін мәңгілік құндылықтар. Осы асыл мұрат жолында дәстүрлі өнердің мәйегін сақтап, оны заманауи сахна тілімен өрнектеп келе жатқан «Алатау» дәстүрлі өнер театрының 2025 жылғы шығармашылық белесі көңіл толтырады. Біз өнер ұжымының көркемдік ізденістері, ұлттық өнерді дәріптеудегі миссиясы мен алдағы мақсаттары жөнінде театр директоры Мақсат Қапалбайұлы НҰРАЛИЕВпен әңгімелескен едік.

– Мақсат Қапалбайұлы, міне, тағы бір жылдың парағын жапқалы отырмыз. Бір сәт ойға үңілсек, «Алатау» дәстүрлі өнер театры үшін бұл жыл несімен ерекшеленді?

– Абайша айтсақ, «Қайрат пен ақыл жол табар, қашқанға да қуғанға». Биылғы жыл – сол қайрат пен ақылдың, табандылық пен талғамның сыналған жылы болды. 2025 жыл біз үшін тек есеп-қисаптың емес, рухани салмақтың, көркемдік жауапкершіліктің жылы болды. Театр ұжымы ұлттық өнердің жүгін арқалап, оны заман талабымен сабақтастыра білді.

– Жыл басындағы республикалық гастрольдік сапарлар туралы айта отырсаңыз...

– Сәуір мен маусым аралығында еліміздің әр өңірін аралап, 42 қойылым көрсеттік. Бұл – жәй сапар емес, халықпен рухани жүздесу еді. Балаларға арналған «Әгугай мен Игигәй» ертегісі арқылы жас буынның жүрегіне мейірім мен қиял дәнін сепсек, «Абай–Тоғжан», «Айман–Шолпан», «Алтыбақан», «Алатау FM радиосы» секілді қойылымдар үлкендерге өткен мен бүгіннің арасын жалғаған көпір болды. Ұлттық дәстүр мен заманауи көркемдік бір сахнада тіл қатты.

– Театрдың халықаралық деңгейдегі жетістіктері де айрықша аталып жүр.

– Иә, биыл «Алатау» театры шекарадан асып, ұлт өнерін әлемге танытты. Мәскеуде өткен А. П.Чехов атындағы XVII Халықаралық театр фестивалінде «Мәмлук. Сұлтан Бейбарыс» саундрамасы сахналанды. Бұл қойылым – тарихқа тағзым, рухқа серт іспетті дүние. Шетелдік көрермен қазақ сахнасының тереңдігін, драматургиялық тынысын жоғары бағалады. Ал Францияның Авиньон қаласында өткен әйгілі «А» класты театр фестивалінде ұсынылған «Steppes Rhapsody» – қазақ даласының әуені мен фольклорлық жадының көркем шежіресі болды. Домбыра үні Еуропа сахнасында сөйлеп, дала философиясы өз тыңдарманын тапты.

– Республика күні аясындағы халықаралық мәдени іс-шара да назардан тыс қалмады.

– Дұрыс айтасыз. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Эстонияның Таллин қаласында өткен мерекелік концертте «Ұлытау» этно-рок тобы өнер көрсетті. Бұл – ұлттық музыканың заманауи үнмен әлемге жол тартуының жарқын көрінісі болды.

– Театр ұжымы сахнада ғана емес, кәсіби даму бағытында да белсенді бола алды ма?

– Өнер – үздіксіз ізденісті талап етеді. Биыл 15 қызметкеріміз Малайзияда өткен халықаралық оқу бағдарламасына қатысып, жаңа тәжірибе мен білім жинақтады. Бұл – болашақ қойылымдардың сапасына салынған рухани инвестиция.

– Инклюзивті жобалар да театр жұмысының бір бөлігіне айналды.

– Ұлы ойшылдар айтқандай, өнердің түп мұраты – адамға қызмет ету. Жүсіпбек Аймауытов «Өнер – халықтікі» дегенде, оның тек таңдаулыларға емес, әр жанға ортақ екенін меңзеген. Сол себепті, театр ұжымы үшін мейлі көруі, мейлі естуі шектеулі болсын – әр көрерменнің рухани демалысын ұйымдастыру басты қағидаға айналды. Аталған бөлімнің қатысуымен қыркүйек айында есту қабілеті нашар жандар арасында өткен «Жеңіс вальсі» Х республикалық байқауы, ал қазан айында зағип әншілерге арналған «Екі жұлдыз» халықаралық фестивалі ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар өнердің тілге, дыбысқа немесе көру мүмкіндігіне тәуелді емес, ең алдымен жүрекке жол табатын рухани құбылыс екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Сонымен қатар, 2025 жылдың қазан айында Ташкент қаласында өткен есту қабілеті шектеулі спортшылар арасындағы IV Азия чемпионаты мен XIII халықаралық ашық турнирде осы бөлімнің қызметкерлері – Нина Жуковская мен Алим Меңдібаев шахмат пен дойбыдан топ жарып, жеңімпаз атанды. Бұл – өнер мен спортта да мүмкіндіктің емес, ниет пен рухтың шешуші рөл атқаратынын көрсететін жарқын мысал.

– 2025 жыл марапаттарға да бай болды...

– Еңбек еленсе – елдің мерейі өседі. «Еңбектің түбі – береке». Биылғы марапаттар – жеке адамға ғана емес, тұтас ұжымға көрсетілген сенімнің белгісі деп білеміз. Мәдениет қызметкерлері күніне орай Алма Аманжолова Мемлекет басшысының Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Бұл – өнерге адал қызмет етудің, табандылық пен жауапкершіліктің жоғары бағалануы. Ал сахна сыртындағы көзге көрінбейтін, бірақ аса маңызды еңбегімен танылған, 47 жылға жуық уақыт театрдың ыстығы мен суығына бірге төзген костюмер Сағымкүл Қарабалина мен сөздің киесін арқалаған ақын, драматург, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының иегері Бақыт Беделхан Алматы қаласы

әкімінің Алғыс хатына ие болды. Бұл – адал еңбекке көрсетілген құрмет.

Республика күні қарсаңында театр өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан Сағызбай Қарабалин «Парасат» орденімен марапатталса, Инара Аубакироваға «Құрмет белгісі» төсбелгісі табысталды. Мұның бәрі – өнер жолында тер төккен жандардың еңбегі еш кетпейтінінің дәлелі.

Сын мен сараптың таразысынан да сүрінбей өттік. Қазақстан театр сыншылары бірлестігінің VII мәрте ұйымдастырған «Сыншылар жүлдесі – 2025-те» Әділет Таменов «Теміртас» спектаклі үшін «Драма спектаклінің жыл хореографы» номинациясының жеңімпазы атанды. Сондай-ақ, «Алатау» дәстүрлі өнер театры «Республикалық гастрольдік сапарлар» бағыты бойынша 1-орынды иеленіп, ел ішіндегі рухани қызметі жоғары бағаланды. Ал балаларға арналған «Әгугай мен Игигәй» ертегісі 7637 көрермен жинап, үздік қойылымдар қатарынан көрініп, 4-орынға ие болды.

Абай айтқандай, «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан». Әр әріптесіміз өз орнын тапты, өз үлесін қосты. Биылғы марапаттар – сол кірпіштердің мықтап қаланғанының айғағы.

– Шығармашылық жоспарларыңызға тоқталсаңыз.

– Жыл соңында режиссер Мейрам Хабибуллин дайындаған «Қайран Абай» спектаклі көркемдік кеңестен өтіп, мақұлданды. Бұл – Абайды мінбердегі ескерткіш емес, тірі ой, тірі қайшылық, тірі тұлға ретінде көрсетуге бағытталған қойылым. Сонымен қатар, «Қорлан» спектаклі де алдағы маусымда көрерменмен қауышады.

– Сөз соңында...

– 2025 жыл – «Алатау» дәстүрлі өнер театры үшін берекелі еңбек пен биік жетістіктің жылы болды. Біз Абай айтқан «толық адам» жолын өнер арқылы іздеп келеміз. Алдағы уақытта да ұлттық өнердің шырағын сөндірмей, көрермен жүрегіне жол табу – басты мұратымыз.

Әзірлеген Ернұр РЫСБАЙ.

ӨНЕР

«МЕН КІММІН?»

Алматының қуыршақ театры
жаңа спектакль ұсынды

Мемлекеттік қуыршақ театры Мересек көрермендеріне арнап «Мен кіммін?» спектаклінің премьерасын ұсынды. Айтар ойы терең ерекше қойылым адам жанының құпия әлемінен сыр шертеді.



Нұржамал
Әліш



Қоғамдағы рухани жалғыздық, адамдық келбетті жоғалту, өз-өзімен арпалысу секілді ішкі қайшылықтарды, адам жанының күйзеліске ұшырауын қаузаытын спектакль мазмұны қуыршақ өнерінің мүмкіндіктері арқылы сәтті баяндалды деуге болады. Басты

кейіпкердің ішкі жан айқайы, қоғаммен үйлесім таба алмауы және өзін-өзі тануға ұмтылысы көрерменнен терең ойға жетелейді.

Иә, адамның рухани дағдарысқа ұшырауын, оның өзін көптің ішінен таба алмай аласұрған ахуалын көркем түрде жеткізе

білген «Мен кіммін?» спектаклінің режиссері – әлемдік қуыршақ театры өнерінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, Гүржістан елінен арнайы шақыртылған суреткер Николоз Сабашвили.

– «Мен кіммін?» – қазіргі қоғамдағы өзекті тақырыптарды көтеретін, көрермен сұранысына сай спектакль деп ойлаймын. Біз бұл туынды арқылы адамдық болмыстың мәніне қайта үңілуді үндейміз. Қуыршақ театры – тек балаларға арналған өнер емес, ол кез келген күрделі идеяны нәзікәрі терең жеткізе алатын сахналық тіл. Премьера көрерменге ерекше әсер, терең ой және рухани толғаныс сыйлады деп сенеміз, – дейді Мемлекеттік қуыршақ театрының директоры Алмат Амангелді.

Спектакль соңында қуыршақ-кейіпкерлерді шебер ойната білген артистерге Алматы қаласының әкімдігі атынан ықылас гүлі табысталды. Ал Николоз Сабашвилидің иығына театр ұжымы қазақы жолмен шапан жапты.

– Біріншіден, 90 жылдық белестен өткен



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қуыршақ театрының күні кеше ғана «академиялық» мәртебесін иеленген қуанышымен құттықтаймын. Жалпы, бүгінгідей терең ойлы, жоғары деңгейдегі жұмыстар осылай академиялық жудырық болып жұмылған сәтте, яғни біріңіз қуыршақтың аяқ-қолын, екіншіңіз басын, көзін, үшіншіңіз ойын «сөйлетіп» жатқан кезде шығады ғой. Бір спектакльдің өне бойында қаншама әріптесімнің кәсіби шеберлігі, жанкешті еңбегі, маңдай тері жатыр десеңізші! Премьера құтты болсын! – деді М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жуасбек.



СҮЛЕЕВ ФЕНОМЕНІ

Қазақстан журналистикасында әр кезеңде жарқ етіп көрінген есімдер аз емес. Десек те, олардың қатарында уақыттың, тілдің, идеологияның, тіпті қоғамдық күмән мен айыптаудың екі ортасында тұрып та, өз позициясын жоғалтпай, қаламын өткір күйінде сақтап қалған тұлғалар сирек екені даусыз.

Рая
ЕСКЕНДІР



Міне, біз білетін Жәнібек Азатұлы Сүлеев – дәл сондай сирек құбылыстың бірі де бірегейі. Ол жақында ғана «Alatau Aqparat» медиахолдингіне қарасты «Вечерний Алматы» газетінде өзінің ұзақ жылдық еңбек жолын табысты тәмамдап, құрметті еңбек демалысына шықты. Осы тұста біз әріптесімізбен аз-кем әңгіме өрбітіп, Азат Сүлеевтің журналистік өмірінің картинасына үңіліп көрген едік.

Қаламына адал қаламгер

Оның кәсіби тілі орыс тілі болғанымен, ойлау жүйесі, қоғамдық рефлексиясы, ішкі коды қазақы дүниетанымнан ажыраған емес. Содан да болар, дәл осы ерекшелік оның бүкіл шығармашылық жолын айқындап берді. Бәлкім, біреулер үшін ол «орыстілді қазақ» шығар, енді біреулер үшін «ұлтшыл» болса, шын мәнінде екі жақтың да шындығын бетке айтқан, ешкімнің ығына көнбеген қаламгер.

Жәнібек Сүлеевтің журналистикадағы жолы сонау 1990 жылдардың соңында тыңға түрен салғандай ерекшеленіп басталды. Өйткені, бұл бір өліара шақ, яғни қоғамдық сана мен мемлекеттік құрылымның түбегейлі өзгеріп жатқан күрделі кезеңімен тұспа-тұс келді. Бұл – егемен мемлекеттің іргесі қаланып, ұлт мәселесі, тіл саясаты, азаматтық бірегейлік қызу талқыланған уақыт еді. Сол кезеңде ол жеңіл публицистикаға емес, талдамалық, ойландыратын, кейде тіпті парадокс тудыратын тақырыптарға қалам тербеді.

Оның ұстанымы төңірегіне түгел айқын болды. Оның мақсаты – мәселені бір тараптың көзімен емес, екі жақтың да логикасын ашып, әр аудиторияға түсінікті тілде жеткізу болды. Осы үшін де ол жиі сынға ұшырады. Қазақтілді ортада оны «орыстілді, қазақтан алшақ» деушілер табылса, орыстілді либерал қауым арасында керісінше, «қазақ ұлттық мүддесін өткір қорғаушы» деген айыптаулар айтылды. Бірақ дәл осы қарама-қайшылық – Жәнібек Сүлеев журналистикасының басты сипаты еді.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Арай» – «Заря» мектебі

Оның кәсіби қалыптасуында айрықша орын алатын басылым – кезінде интеллектуалдық ортаның темірқазығы болған «Арай» – «Заря» журналы. Бұл жерде Жәнібек Сүлеев қазақ ойының ірі өкілдерімен қатар еңбек етті. Ақын әрі аналитик Мейірхан Ақдәулетов, энциклопедиялық білімімен ерекшеленген Ахас Тажутов, редакторлық мәдениетімен танылған Әшірбек Көпішев сынды қаламгерлер тоғысқан орта жас журналистке ой еркіндігін, жауапкершілік пен стильді қатар үйретті.

Сол кездегі қиындықтар оның басқа арнаға бұрылуына да әсерін тигізді. Журналдағы өндірістік қиындықтар, кешігіп шығу мәселелері басқа басылымдармен де жұмыс істеуге итермеледі. Дәл осы кезеңдерде Жәнібек Сүлеевтің күрделі ой, өткір тұжырым, бейнелі тіл сынды жеке қолтаңбасы айқындала бастады.

«Казахская правда» және азаматтық ұстаным

Зейнет жасында жүріп, «Казахская правда» газетін шығарған Алдан Айымбетов пен Жәнібек Сүлеевтің тығыз шығармашылық байланыста болғанын біреу білсе, біреу білмес. Газеттің де ең бір мықты кезеңі дәл осы ынтымақтастық тұсына сәйкес келеді. Жәнібек Азатұлы

жариялаған мақалалар батылдығымен, дәлелділігімен ерекшеленді.

Тіпті, бір этникалық диаспораның арызы негізінде қозғалған даулы іс кезінде, құқық қорғау органдары үшін шешуші дәлел ретінде Жәнібек Сүлеевтің берген куәлігі қабылданып, іс тоқтатылғаны – оның азаматтық салмағын көрсететін деректің бірі ғана.

Жәнібек және жаңа медиа

Жәнібек Сүлеевтің бір ерекшелігі – ол тек жеке автор ғана емес, командалық ойыншы. Олай дейтініміз, Бигелді Ғабдуллин негізін қалаған «Новое поколение» газетінде ол ең өткір авторлардың бірі болды. Бұл – қазақ басқарған алғашқы орыстілді газеттердің бірі еді. Ал оның қазақстандық журналистикадағы тарихи рөлі – алғашқы интернет-газеттің идея авторы болғаны.

Navigator.kz – бүгінгі медиа тарихында орны бөлек жоба. Ол бұл басылымды «менікі» деп иеленген жоқ, бірақ идеяның өміршеңдігі 25 жыл бойы сақталды. Бұл – нағыз креаторлық қабілеттің дәлелі емес пе?

Бас редакторлық кезең, интернет-брендтер

2000 жылдары «Мегаполис» апталығындағы өткір мақалалар, кейін партиялық «Дала мен Қала», «Страна и Мир» газеттеріндегі алғашқы Бас редакторлық қызметі – Жәнібек Сүлеевтің басқарушылық қырын ашты. Ол басқарған ұжымдардан кейін де бұл газеттер он жыл бойы өмір сүріп, кәсіби кадрлар даярлады.

Ұмытпасам, дәл сол жылдары ол бірнеше интернет-басылымдарды іске қосты. Бүгінде олар басқа редакция құрамында жұмыс істегенімен, қазақстандық онлайн-медианың ең көне брендтері ретінде сақталып отыр.

Адамдық болмыс

Жәнбек Сүлеевтің шығармашылық жолының соңғы төрт жылдан астамы «Алатау Ақпарат», кейін «Алматы Ақпарат» холдингінде өтті. Бір сөзбен айтқанда, «Алматы ақшамы» мен «Вечерний Алматы» сияқты ғасырлық тарихы бар газеттермен жұмыс істеуі – оның тәжірибесінің мойындалуы.

Қаламы қолынан түспеген Жәнібек Сүлеевтің 60 жылдық мерейтойында көпшілік үшін күтпеген жаңалық болды. Жәнібек Сүлеевтің тегі – Алаш арыстары мен қазақ интеллигенциясының ірі өкілдерімен тікелей байланысты.

Мәселен, Біләл Сүлеев, Мұрат Әуезов, Болат Жансүгіров, Жандосовтар әулеті, Абдолла Қарсақпаев, иә, бұл есімдерді ол ешқашан алға тартып, «пайдаланған» емес. Оның кәсіби беделі – тек өз еңбегінің нәтижесі.

Жәнібек Азатұлы Сүлеев – қазақ журналистикасындағы алтын аралық. Өз атақ-даңқына емес, сөздің салмағына мән берген журналист. Бүгінде ол зейнет демалысына шықты. Бірақ оның ойы, стилі, азаматтық ұстанымы – қазақстандық журналистиканың мектебі болып қала береді. Біз де оның қаламынан туған жаңа мақала, сүбелі сұхбаттарын әлі де оқимыз деген сенімдеміз. Қаламыңыз мұқалмасын, Жәке!

ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Журналистика саласында өзіндік өрнегімен танылған Ершат Асмаговпен КазГУ-дің Журналистика факультетінде оқып жүрген кезден таныс едім. Студент күнінде де сөзі салмақты, ісіне тиянақты жігіт болатын. Оқуын аяқтаған соң, ол да өзге әріптестеріміз секілді еңбек жолын қарапайым тілші ретінде бастады. Қалам артқан ұзақ жылдық еңбек жолында біліктілігі мен іскерлігінің арқасында өзінің қолтаңбасымен танылды. Міне қазір, «Уйғур авазы» газетінің Бас редакторы ретінде отандық журналистиканың өркендеуіне өлшеусіз үлесін қосып келеді.

Біз білетін Ершатты үлкен журналистикаға бала күнгі арманы жетелеп жеткендей. Оқушы күнінде сөз саптауға, өлең жазуға құмар болыпты. Талапты баланың тырнақалды туындысы алғаш рет мектептің қабырға газетіне жарияланған екен. Осыдан бастап қаламға деген адалдық пен құштарлық желкенін үрлеп биіктерге алып ұшқан. Бұл жайында оның өз аузынан естігеніміз бар.

Осынау жылдар бойы ол өзінің еңбегі



мен қаламына адалдықты, ақпаратқа жауапкершілікті және оқырманға деген құрметті басты ұстаным етіп келеді. Ершат Асмагов журналистика саласына өзіндік өрнегімен, терең талдауы мен шынайы көзқарасымен келгенін оны білетін әріптестерінің бәрі куә. Ол бұл биікке ұзақ жылғы еңбегі, азаматтық ұстанымы мен ұлттық баспасөзді дамыту жолындағы табанды еңбегінің арқасында қол жеткізді.

Ершат Асмагов еңбек етіп отырған «Уйғур авазы» газеті 1957 жылдан бері

шығып келе жатқан еліміздегі республикалық қоғамдық-саяси басылымдардың бірі. Алғашында газет «Коммунизм туғы» деп аталып, Қазақстандағы ұйғыр этномәдени орталығы, ұйғыр диаспорасының қоғамдық, этностық, мәдени өмірін, сондай-ақ, жалпы Қазақстан қоғамындағы ұлтаралық татулық, ұлтаралық диалог және этносаралық бірлік мәселелерін насихаттауды алдына мақсат етіп қойды. Әлі де сол көзқарасты ту етіп келеді. Басылымның осыған дейінгі табысты жолында да Ершат Асмаговтың еңбегі ерекше. Оның басшылығымен газет мазмұны жаңарып, қоғамдық мәселелер мен мәдени мұраларды насихаттауда жаңа серпін алды. Аталмыш басылым бетінде тіл, тарих, мәдениет тақырыптары кеңінен қамтылып, жас журналистерді тәрбиелеу ісіне де айрықша көңіл бөлініп келеді.

Жалпы, журналистер қауымы Ершат Асмаговты талапшыл жетекші, әділ басшы, үлгілі тәлімгер ретінде жақсы таниды. Ол қай ортада болмасын, салмақты сөзі мен байыпты болмысымен ортаның құрметіне ие болатын азамат дер едік. Қаламы қарымды редактордың алдағы уақытта да ұлттық баспасөздің дамуына, руханияттың өркендеуіне үлес қоса берері сөзсіз. Өйткені, бұл бағыт Асмаговтың жеке журналистік ұстанымы. Ол үнемі

журналистиканы «ұлттың сөзін, қоғамның рухын жеткізетін мінбер» деп қабылдайтынын айтып отырады. Бұған қоса, білікті маман баспасөзді этносаралық татулық пен қоғамның тұрақтылығының негізі деп санайды. Өзі де осы бағыттағы пікірлерін ашық білдіріп отырады.

Асмаговтың аталған саладағы айтулы еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып, «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен, 2025 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды. Қазақстанның этномәдени газеттердің, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына үлес қосқан сарапшы-журналист ретінде есімі кеңінен танылған Ершат Асмаговты этножурналистиканың көрнекті өкілі деп бағалар едік. Оның басшылығымен шығып келе жатқан «Уйғур авазы» газеті ұйғыр қауымының үні ғана емес, сонымен бірге Қазақстандағы ұлтаралық келісім, мәдени әртүрлілік пен халық бірлігінің көрінісіне айналды. Ақпарат кеңістігіндегі Асмаговтың журналистік ұстанымы мен қоғамдық қызметі – ұлттық мәдениетті сақтау, ұлттар арасындағы достық пен түсіністікті нығайту.

Міне, сондықтан да оның өмірі мен қызметі бүгінгі Қазақстан үшін тек этномәдени ортада емес, жалпы қоғамда маңызды деп білеміз. Әріптесімізді мерейлі 60 жас мерейтойымен құттықтай отырып, шығармашылық шабыт тілейміз!

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



Суреттер түсіріп: Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИА ҰШТАСҚАН АЛАҢЫ

Биыл көктемде «Alatau Aqparat» медиахолдингінде заманауи подкаст студия ашылды. Содан бері қажетті техникалармен жабдықталған бұл алаң – шығармашылық жобаларға серпін беріп, жас мамандарды даярлауға, ақпарат кеңістігінде тың идеяларды жүзеге асыруға айрықша мүмкіндіктер сыйлап келеді. Басты мақсат – дәстүрлі және жаңа медианы ұштастыру арқылы кең аудиторияға әртүрлі форматта сапалы контент ұсынып, отандық медиа саланы дамытуға үлес қосу.

Дана САДЫРҚАН

Айта кетейік, студияның салтанатты ашылуында Нұржан Жалауқызы, Срайыл Смайыл, Серік Әбікенұлы, Қанат Әуесбай, Арман Әубәкір, Айбар Олжай, Айдос Жұқанұлы, Бауыржан Кәріпов, Ербол Азанбек, Ербол Сейілхан, Мейіржан Әуелханұлы, Нұрлан Жұмахан сынды БАҚ саласының майталмандары қатысып, бүгінгі медиакеңістіктің талап-тілегіне қатысты пікірлерін ортаға салған болатын. Елімізге белгілі медиаменеджерлер, телеарналар мен БАҚ басшылары, блогерлер, ютуберлер мен кәсіпкерлер, серіктес ұжым өкілдері қатысып, ыстық ықыластарын білдірді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұржан ЖАЛАУҚЫЗЫ, журналист, медиаменеджер:

МЕДИАКЕҢІСТІКТЕГІ БӘСЕКЕНІҢ ТАЛАБЫ
Қазір дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының сыналатын, бәсекелестіктің қызған кезеңі. Себебі, бүгінгі заманда тек газет шығарып, құр қарап отыруға болмайды. Мына диджиталдық әлемде газет өзіндік үні мен бет-бейнесі бар екенін танытып, оқырманның ғана емес, көрерменнің де санын ұлғайту арқылы танымалдылықты арттыруға әрекет етуі керек. Осы мақсатта подкаст студияның ашылуы туралы идея «Alatau Aqparat» медиахолдингінің басшылығының бастамасымен жүзеге асты. Осы студия ашылғалы бері тек газет бетінде көтеріліп келген Алматы қаласының даму тенденциясы мен бүгінгі тыныс-тіршілігіне қатысты небір жақсы пікірлер айтылды, жақсы кейіпкерлермен әдемі сұхбаттар көрерменге жол тартуда. Сондықтан бұл подкаст студияның алар орны ерекше. Енді берілу форматын жетілдіріп, еліміздің әрбір оқырманына қолжетімді әрі қызықты болуына, танымалдылықты арттыруға ерекше назар аудару қажет.

МЕДИАИНСТИТУТ

«Alatau Aqparat»:

МАҚСАТ, ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІК



Нұржамал ӘЛІШ

ҰШТАҒАН
Медиахолдинг құрамында бірнеше ақпараттық ресурс бар:

- «Almaty aqshamy», «Вечерний Алматы» республикалық газеттері;
- aqshamnews.kz, vecher.kz, alnews.kz онлайн-ресурстары;
- Instagram, Telegram, Facebook, TikTok, YouTube, Threads әлеуметтік желі акаунттары.

Бұл ұштаған – алып күш. Негізгі мақсатымыз: мемлекеттік-ақпараттық тапсырысты орындау; мемлекеттің ақпараттық саясатын жүргізу; қала тұрғындары мен атқарушы және өкілетті органдар арасына алтын көпір орнату.

ДӘСТҮРЛІ МЕДИА
«Almaty aqshamy» газетінің жарық көріп келе жатқанына биыл 37 жыл. Таяуда ғана «Жыл таңдауы» ұлттық жобасының жеңімпазы атанды. Бүгінгі күнге дейін 6600-ден астам нөмірі шыққан.

Ал сыңарымыз – «Вечерний Алматы» газетінің осы кезге дейін 15 мыңға жуық нөмірі жарық көрген. Аталмыш басылымның дүниеге келгеніне алдағы жылы 90 жыл болады. «Жыл таңдауы» ұлттық жобасының үш мәрте жеңімпазы және Қазақстан Журналистер одағының «Алтын адам» сыйлығының иегері. Қос басылым аптасына 40–45 мың данамен шығады. Ал жылдық таралымы 2 млн. данадан асып жығылады.

МЕМОРАНДУМ
Медиахолдингтің 20 қызметкері компания есебінен шет тілдерін оқыды. Биыл 5 журналист Түркияның егілі TRT теле-радио корпорациясынан тағылымдамадан өтіп

келді. Қырғызстанның «Қабар» ақпарат агенттігімен ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Түркиялық студенттер «Almaty aqshamy», «Вечерний Алматы» және сайттардың редакциясында жыл сайын тағылымдамадан өтіп жүр. Еліміздегі барлық медиахолдингпен тығыз байланыс орнатылған.

Сонымен бірге, кадрлық әлеуетті нығайту да – ұзақ мерзімді мақсаттардың бірі. Жас журналистерді тәрбиелеу, тәжірибелі мамандардың біліктілігін арттыру, шығармашылық орта қалыптастыру – медиахолдингтің тұрақты дамуына жол ашады. Сондықтан медиахолдинг ішінде «шеберлік сабақтары» өткізіліп келеді.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР
«Alatau Aqparat» медиахолдингі осынау қол жеткізген табыстарымен төмөлейсің қарап отырмақ емес. Қаланың өзекті және маңызды оқиғаларына арналған подкаст пен видеоконтентті көбірек дайындауды; қос газеттің мазмұнын өзгертуді, құқықтық, экономикалық және саяси тақырыптағы жарияланым көлемін арттыруды, аналитикалық және ағартушылық мазмұнды күшейтуді; аудитория аясын кеңейтіп, қала іргесі мен сыртындағы аймақтарға белсенді шығуды, медиахолдингтің электронды БАҚ-тарын республика бойынша «ТОП-10» қатарына қосуды; Alnews.kz сайтына қазақ, орыс, ағылшын, түрік, қытай тілдерінде және төте жазумен хабар тарататын Халықаралық ақпарат агенттігіне айналдыруды міндет етіп отыр.

Медиахолдингтің тағы бір мақсаты – жас аудиториямен тіл табысу. Қазіргі ақпарат тұтынушысы – мобильді, визуалды контентке бейім, жылдам шешім қабылдайтын буын. Осыған орай, холдингтің стратегиясында әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану, жалпы қаралым санын 2 млрд.-қа жеткізу басты орын алады.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде масс-медиа – қоғамның ең қуатты ресурс-тарының бірі. Ақпарат айдынында бәсекеге қабілетті болу үшін медиақұрылымдар тек жаңалық таратып қана қоймай, заман талабына сай трансформацияланып, уақытпен ұштаса отырып, қоғамға мейлінше жақын әрі әлеуметпен ашық диалог орната білуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, «Alatau Aqparat» медиахолдингі аз мерзім ішінде-ақ нарықта өзіндік орны бар ықпалды медиаинститутқа айналып үлгерді. Ал біз оған қалай жеттік?

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ, «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры:

ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС ҮСТІНДЕМІЗ

«Alatau Aqparat» медиахолдингі заманға сай үлкен трансформациялардан өтуде. Қазір тек газеттер ғана шығаратын емес, заманауи диджитал платформалары бар, мультимедиялық контент өндіретін орталыққа айналады.

«Almaty aqshamy» мен «Вечерний Алматы» газеттері, сондай-ақ aqshamnews.kz, vecher.kz пен alnews.kz сынды үш онлайн БАҚ-тың әрқайсысының өзіндік редакциялық саясаты, өз контенттері бар. Сонымен қатар, Instagram, Telegram, Facebook, TikTok, YouTube пен Threads сынды әлеуметтік желілердегі парақшаларымыздың өсу динамикасы да қарқынды. Олардағы жылдық қаралым миллиардан асты. Мақсатымыз – 2026 жылы бұл көрсеткішті 2 миллиардқа жеткізу.

Демеушілер күшімен заманауи подкаст студия ашып, заманға сай мультимедиялық контент өндірісін қолға алдық. Келер жылы подкасттарымызды күшейтеміз. Aqshamnews.kz, vecher.kz сайттарына апгрейд жасалып, сапалы контенттер көбейтіліп, ТОП сайттар қатарына енді. Бізге сілтеме жасайтындар, еліміздің әр өңірінен бізге жүгінетіндер саны артты. Ұжымымызға жастар көптеп келуде.

ТҮЙІН:

Иә, жоғарыда айтқан ұштағанымыз – цифрландыру дәуіріндегі трансформацияның нақты көрінісі. Нәтижесінде контент тек бір бағытта емес, көп арна арқылы таралып, аудиториямен кері байланыс нығая түсті.

Медиахолдингтің басты миссиясы алдағы уақытта да өзгермейді: ұлттық мүддені қорғау, қоғамның өзекті мәселелерін ашық көтеру және ақпарат айдынында жауапты, заманауи медиа ретінде дамуын жалғастыру.

Бүгінгі ақпараттық дәуірде оқырман назарын ұстап қалу – кез келген басылымның басты бәсекелестік бағыты. Соңғы уақытта «Alatau Aqparat» медиахолдингі дәстүрлі ақпарат құралдарымен шектелмей, әлеуметтік желілерде жүйелі әрі нәтижелі жұмыс жүргізіп, айқын серпін көрсетті.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ СЕРПІН

Aqsham News қалай өз аудиториясын тапты?

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Aqsham News-тері контент және қала өмірі

Қазіргі таңда аталмыш брендке біріккен медиахоба Instagram, TikTok, Telegram, Facebook, Threads платформаларында белсенді жұмыс істеп келеді. Әлеуметтік желілердегі бұл қызмет тек жаңалық таратумен шектелмей, қала тұрғындарының қатысуымен түсірілген, оқырман ықыласына ие болған бейнематериалдармен де толығып отыр.

Aqsham News әлеуметтік желілеріндегі контенттің негізгі өзегі – Алматының күнделікті тыныс-тіршілігі. Қаладағы өзекті мәселелер, жол қозғалысы, қоғамдық көлік, әлеуметтік тақырыптар, мәдениет пен спорт жаңалықтары – барлығы ықшам әрі түсінікті форматта ұсынылады. Оқырманға жақын, өмірден алынған тақырыптар әлеуметтік желіде кең таралып, қызу талқылауға түскен кездер де болған. Әсіресе, бейнеформатқа басымдық берілуі – жобаның басты ерекшеліктерінің бірі. Instagram мен TikTok-та жарияланған кейбір видеолар миллионнан астам қаралым жинап, кең аудиторияның назарын аударды.

Нәтижелер цифрмен дәлелденді

Жыл басында Aqsham News-тің әлеуметтік желілердегі көрсеткіштері бүгінгідей емес еді. Мәселен, Threads желісінде белсенді парақша әлі де іске қосылмаған болса, TikTok-та бар болғаны 7-8 мың жазылушы, ал Instagram-дағы аудитория 13 мыңнан аспайтын. Алайда, алты-жеті айдың ішінде жағдай түбегейлі өзгерді. Бүгінде TikTok-та жазылушылар саны 36 мыңға, ай сайынғы қаралым 4-5 миллион дең-



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қуаныш ЕРМЕКОВА, «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Креативті директоры:

БАСТЫ МАҚСАТ – ЗАМАНАУИ МЕДИА-ПЛАТФОРМАҒА АЙНАЛУ
Қазіргі таңда медиахолдингтің әлеуметтік желілерін дамытуға барынша күш салып жатырмыз. Және тек ақпарат тарату емес, қоғаммен тиімді диалог орнатуға тырысып отырмыз. Осы орайда «Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы» сынды дәстүрлі басылымдардың сайт пен әлеуметтік желіде белсенді болуы уақыттың өз талабы болып отыр. Біз үшін басты қағида ресми ақпаратты құрғақ баяндау емес, оны заманауи форматта, түсінікті әрі визуалды түрде жеткізу. Медиахолдингтің сайттары сенімді ақпараттың тірегі болса, әлеуметтік желілер халықтың үнін естітіп ашық алаңға айналса екен деймін. Сондықтан креативті контент, инфографика, қысқа видео, сторис пен интерактив форматтар, «Ашық микрофон» арқылы қала тұрғындарының сұранысына жедел жауап беруге ұмтылып жатырмыз. Сондай-ақ, YouTube форматын дамытып, Алматы қаласын қаржы орталығы, кәсіпкерлер ордасы ретінде танытқымыз келеді. Ең басты қуанатын жайт, әлеуметтік желілерімізде сапалы жазылушылар қалыптасып келеді. Басты мақсатымыз – медианы тек ақпарат құралы емес, қаланың айналасы, қоғамдық пікір қалыптастыратын заманауи медиа-платформаға айналдыру.

СЕРІНІҢ СЕҢСОҚТЫ ТАҒДЫРЫ

Ақан сері Қорамсаұлы (1843–1913) Айыртау ауданындағы Үлкен Қоскөлде туған. Шын аты – Ақжігіт, Қарауыл руынан. «Балқадиша» әні қазақтың ұлы ақыны, дарынды композиторы, күміс көмей әншісі Ақан серінің мәңгілік мұрасы. Бұл әнді Ақан 1904 жылы Бұланды тауының етегінде жаны күйзелісте отырған кезде суырыпсалма жанрында өмірге әкелген. Әннің құдіреті соншама зор, әуені өте күрделі. Бұл ән – нақышы сегіз қырлы заңғар ұлы дала симфониясы: тұлпардың шабысы, аққудың жүзуі мен қыранның қалықтауы.

Серінің «Қараторғай» әні 1909 жылы өмірге келген. Ол Ақанның жан серігіне айналған бүркітке арналған сырлы туынды. Қартайған бүркіттің шаршаған бейнесі арқылы Ақан сері өмірдің өткіншілігін суреттейді.

Осы 115 жылда «Қараторғайды» да әншілер «Балқадиша» секілді сансыз көп рет айтқан. Бірақ ақынның драма мен трагедияға толы ішіне жиналған шерін еш әнші тыңдаушысына Ақанның өзіндей жеткізу оңай болмаған. «Қараторғайды» 2024 жылы Ресейдің Алтай республикасының Қосағаш ауданының мектеп оқушылары нағыз авторлық нақышпен орындап, қазақ музыка өнерінің тереңдігін көрсетті.

Зеренді тауына жалғас жатқан Қошқарбай тауы, одан әріректе орналасқан Жыланды тауы. Ақан сері сол маңдағы ауылдарды әнмен сусындатып, Жыланды жағына барғанда, Балқадишаның ұзатылғанын естиді. Сонда ол қапаланып:

«Басынан Жыландының құлағаным, Кекілін Кербестінің сылағаным. Кетті деп Балқадиша естігенде, Құшақтап құз-жартасты жылағаным», –

деп өлең шығарған.

Балқадиша 1904 жылы 21 жасында Кеңөткел ауылында өзінен алты-жеті жас үлкен Сүлейменге тұрмысқа шығады. Отызыншы жылдары оны: «әкесі Ыбырай би болған, келген жері бай – құлақ» деп көмеспекеленеді. Балқадиша 1937 жылы күйеуімен Челябинің Златоуст деген қаласында пана тауып, 1939 жылы еліне қайтып оралады. Балқадишаның анасы да, жұбайы да Қылды Қарауыл руынан.

Шоқан Уәлихановтың (1835–1865) қазасына Ақан сері көңіл айтып, оны Көкшенің биігіне, теңіздегі кемеге теңейді,

«40 темірдің қылауын қосқан өнерпаз» деп бағалайды. Қазақ руханиятында әлі күнге көп құпиясы ашылмай келеді. Мысалы, «Аққан жұлдыздың» да ақылға сыймайтын соншама шолақ аянышты ғұмыры.

Ақан серінің бір мезгілде басына түскен қос трагедиясы: сүйікті жары Ұрқияның өлімі мен жан серігі Құлагердің тағдыры еді. Құлагердің мерт болуымен бірге Ақанның өзі де рухани қазаға ұшырады. Ақанның қанаты қайырылды, пырақты шабысынан айырылды. Жалғыз өзі ел-жұртынан жырақ күй кешті. Құлагер өлімі жаралы жанын күйреткен, аяусыз соққы болды. Қиянат пен әділетсіздіктен жапа шекті.

«Жел соқса, қамыс басы майда деймін, Атыңды, ат айдаушы, айда деймін. Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды, Жығылмаса, Құлагер, қайда деймін?!», –

деп зар жылаған.

Ақан серінің әкесі Қорамсаның зираты үлкен тас жолдағы өздерінің ежелгі ата қоныстары – Комаровка селосында, бұрынғы Шыбынды ауылы. Ақан Қорамсаұлы болса Айыртау ауданының Тереңкөл ауылынан солтүстікке қарай 9 шақырымда айдалада жерленген. Туған апасының (әпкесінің) жанына қоя салған екен. Ол жерге кәзір тек ит-құс пен адасқан адам ғана барады.

1993 жылы ақынның 150 жылдығына орай Қоскөл маңына жаңа заманауи Ақан сері ауылы мен Ақанға арналған мемориалдық кешен-ескерткіш текке салынды. Қазір ол үлкен жолдан тым шалғай қаңырап қалған ауылда ешкім тұрмайды, халқы қалаға көшіп кеткен. Осындай тағдыр-



Ақан сері Қорамсаұлының кесенесі. СҚО, Айыртау ауданы, Тереңкөл ауылынан солтүстікке қарай 9 шақырымда орналасқан.

лы кезеңде ғалымдарымыз көзден ғайып, жоқ болып кетеді. Бірақ банкетке олар баяндама жасап, ақыл айтуға келеді.

Сол жылдары Ақан ескерткішін, мәдениет үйін, жаңа мектепті Комаровкаға салып, атын «Ақан сері ауылы» деп өзгерту қажет еді. Ақанның Тереңкөлдегі сүйегін Шыбындыға (Комаровкаға) әкеліп, арулап жерлеп үстіне көркем кесене салу ұрпақтары мен халқына әрі үлкен сын, әрі жауапты міндет. Тереңкөлдегі халық көрмеген тамаша Ақан ескерткішін де Шыбындыға (болашақ Ақан сері ауылына) көшіру қажет.

1975 жылы Дінмұхамед Қонаев Ақтауға іссапармен барып, кешкісін қала жұртшылығымен кездесу кезінде, әзілдеп айтқан екен: «Үйлеріңізден зираттарыңыз әдемі екен, неге?», – деп. Сонда Адайдың бір ақсақалы: «Димеке, өйткені үйлерді сіз салдыңыз, зираттарды біз салдық», – деген. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген осы болса керек!

1973 жылы Ақан серінің 130 жылдығына орай Целиноград облысы, Ерейментау ауданы, Еркіншілік совхозының директоры Давид Риммер сол жерде жол

жағасына Құлагерге бронзадан ескерткіш орнатқан, бірақ оны 1993 жылы жергілікті «батыр іскерлер» кесіп металл сынықтарына тапсырған. Неміс Давид Риммердің қазақ безген Құлагерге бас игені – оның көреген саналы адам екендігі. Өкініштісі, бұл шағын ескерткіште айшық мағына мен терең сыр бар еді. Астана–Бурабай жолындағы Құлагер мүсінінде ол жағы жетіспейді. Ақан серінің ғашығы Ақтоқтының жерленген жері «Ақтоқты зираты» Көкшетау облысы, Зеренді ауданы, Қызылағаш ауылында орналасқан.

Қорыта айтқанда: Ақан серінің шығармашылығындағы лирикалық әндер – халық шығармашылығының жарқын үлгісі. Олар ұлттық мәдениетке ерекше көркем тіл мен жоғары поэзия үлгілерін енгізді, халықтың рухани сұлулығын, мұраттары мен ұмтылыстарын, адамгершілік негіздерін көрсетті.

Болашақ Ақан ауылында (ежелгі Шыбындыда, бүгінгі Комаровкада) Ақан сері Қорамсаұлының дарынына лайықты кесене салынса, ол ән өнерінің Меккесі болуы айғақ.

Ахмет ДҮЙСЕНБАЕВ.

АЛАШ ЖҰРТЫ АСАНӘЛІМЕН ҚОШТАСТЫ

Алматыдағы Абай атындағы Опера және балет театрында қазақ өнерінің алыбы Асанәлі Әшімовпен қоштасу рәсімі өтті. Атақты сахна саңлағымен қоштасу үшін мыңдаған адам жиналды. Қаралы жиынға ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қатысты.



Қаралы жиынды ашқан Ерлан Карин Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың көңіл айту хатын оқып берді. Әрі Асанәлі Әшімовтің отбасы мен жақындарына көңіл айтып.

«Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовтің отбасы мен жақындарына қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын. Асанәлі Әшімов бүкіл саналы ғұмырын театр мен кино өнеріне арнап, ұлттық мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосты. Ол көптеген образды шебер сомдап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Сахна саңлағы әрі кәсіби киногер ретінде соңына өшпес із қалдырды. Жас өнерпаздарға бағыт-бағдар беріп, рухани сабақтас-тықтың сақталуына зор еңбек сіңірді. Өнердің туын биік ұстап, өнегелі ғұмыр кешкен Асанәлі Әшімовтің жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақ-



талады. Иманы саламат, жаны жәннатта болсын!», – деді ол.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Асанәлі Әшімовтің дүниеден өтуі орны толмас қаза екенін атап өтті. Оның айтуынша, марқұм тірі кезінде елдің қоғамдық өміріне, қаланың мәдени іс-шараларына белсенді атсалысып, әрбір кездесуге терең мағына мен рухани салмақ дарыта білді.

«Асанәлі Әшімов театр мен кино өнерінің ұлы тұлғасы ғана емес, ұлттық рух пен руханияттың көрнекті өкілі бол-

ды. Ол саналы ғұмырын қазақ мәдениетін дамытуға арнап, өнер арқылы халықтың өзіндік санасын, болмысын және тарихын асқақтатты. Талай дарынды шәкірт тәрбиелеп, ұлттық өнерде өзіндік мектеп қалыптастырды. Оның шығармашылық мұрасы бүгінгі және келер ұрпақ үшін мәңгілік адамгершілік әрі мәдени бағдар болып қала береді», – деді қала әкімі.

Қоштасу рәсімінде театр залына сыймаған халық актерді сыртта күтіп, соңғы сапарына шығарып салды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мереке ҚҰЛКЕНОВ, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы:

ӨНЕРДІҢ ШЫҢЫНА ЖЕТКЕН ТҰЛҒА ЕДІ

Асанәлі дегенде қазақ халқы елең ете қалады. Өйткені, ол – қазақ өнерінің ең шырқау шыңына жеткен санаулы тұлғалардың бірі. Жетпіс жылға жуық өнерде жүрген төрт-бес алып болса, соның бірі – осы Асанәлі аға еді. Мен айтар едім, ол – өнер мен киноның Мұхтар Әуезові.


Асекеңді көре қалсаң, маң-маң басып келе жатқан нағыз қазақты көретіңсің. Ауылдағы қасқырдай қайсар қара нар секілді – айналасында не болып жатса да, мыңқ етпей өз жолымен жүретін. Ол өмірге де осылай келді, өмірден де осылай өтті. Мен «Ымырттағы махаббатты» ойнаған сәтін көріп, жүрегі жылып, көзіне жас алмаған қазақты көрсем, көзім шықсын дегенмін. Өйткені, ондай драматургияны, ондай тағдырды тек Асанәлі сияқты адамдар ғана көтере алады. Жүзінші қойылымда ол өзін ойнап тұрғандай болды. Ол – өз тағдырын, өзін түсінбеген ортасына деген ішкі мұңын айтып тұрғандай еді. Өмірдің бір кезеңінде иығы түсіп, еңсесі езілген шағында Құдай оған Бағдаттай асыл жанды жолықтырды. Бүгін қара жамылып тұрып, сол Бағдатқа баршамыздың ризашылығымызды білдіреміз.

Соңғы жылдары Асанәлі аға күнделік жаза бастады. Күнделік – ең ауыр, ең шынайы жанр. Онда өтірік айту мүмкін емес. Асекең бұл жанрды да керемет меңгерді. Бірнеше том күнделік қалдырды. Сол күнделіктердің ішінде қаншама адамның тағдыры, қаншама қазақтың жүрек сыры жатыр...



ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Ежелгі іліммен жаңа технологияға дейін...



Назир Жасанды, Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ

Фараби. Расында, бүгінгі білімді ұрпақтың заманында жаңашыл ойлаумен қатар, жаңалық ашуға деген терең ізденістің нәтижесін түрлі салада қолданылып жүрген жасанды интеллекттен ақ аңғарамыз. Яғни жасанды интеллект ақылдың функционалдық жағын қайталай алғанымен, оның этикалық және құндылықтық табиғатын алмастыра алмайды. Бұл ой технологияны адамдық болмысқа қызмет етудің құралы ретінде қарауға мүмкіндік береді. Технологиялық дамудың өзі білім мен ғылымның дамуына сүйенгенімен, Фараби ғылымының мақсаты – «адамды бақытқа жеткізу» деп ұғынуға болады. Бұл ұстаным қазіргі замандағы ғылымның моральдық жауапкершілігі мәселесін айқындайды. Мәселен, жасанды интеллект пен гендік инженерия саласындағы жетістіктер адамзат игілігіне қызмет еткенде ғана өркениеттің дамуы оң сипат алады.

ЖИ этикалық өлшемі – Фараби ілімінде

Бүгінде жасанды интеллекттің (AI) қарқынды дамығаны сонша, адамның танымдық қабілеттерін қайталап, кей жағдайларда оны алмастыруға ұмтылуда. Осы орайда жасанды интеллект қызметіндегі жақсылық пен жамандықтың аражігін ажыратуға мүмкіндік беретін этикалық мәселелерге бірден назарымыз ауады. Мысалы, Әл-Фараби түсінігінде ақыл – тек логикалық операция емес, сонымен қатар моральдық, рухани және адамгершілік категория. Бұдан аңғаратынымыз, технология адамды алмастыру емес, оны толықтыру құралы болуы тиіс.

Мысалы, AI әділ сот жүйесін жетілдіру, әлеуметтік теңсіздікті азайту, экологиялық мәселелерді шешу және мемлекеттік басқаруда ашықтықты қамтамасыз ету бағытында қолданылады. Бірақ бәрі этикалық нормаларға сәйкес болуы шарт. Бұл – Фарабидің «қоғам игілігіне қызмет ететін ақыл» концепциясының қазіргі көрінісі. Әл-Фараби өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» туралы

трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, негізін дәлелдеп берді. Әуелі, этиканы жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады.

Қазіргі цифрлық қоғамда жасанды интеллект шешімдерінің әділеттілігі, дербес деректердің қорғалуы, биотехнологияның адамгершілік шегі және өзге де моральдық әрі құқықтық нормалардың жаңаша түсіндірмесін қажет ететін жаңа этикалық мәселелер туындауда. Егер технология моральдық жауапкершіліктен ажыраса, ол қоғамның рухани тұтастығына қауіп төндіреді. Яғни технологиялық дамудың этикалық өлшемі Фарабидің гуманистік философиясына сәйкес болуы керек секілді. Ал Фараби философиясының өзегі – ақыл мен ізгіліктің бірлігі екені көбімізге мәлім. Ол адамды табиғаттағы ең кемел жаратылыс деп танып, оның рухани жетілуі ақыл мен парасат арқылы жүзеге асады деп түсіндірді.

Еңбек нарығына әділдік керек

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында қоғамның дамуы тек білім мен әділетке негізделгенде ғана бақытқа жеткізеді деп тұжырымдайды. Әсіресе, идеалды қоғамды білім мен әділеттілік үстемдік құрған орта ретінде сипаттайды. Бұл ұғым қазіргі заманғы «цифрлық этика» түсінігімен тығыз үндеседі. Мәселен, ЖИ денсаулық сақтау саласында ауруларды ерте кезеңде анықтау, диагностика жасау және емдеу әдістерін жетілдіру үшін қолданылады. Бұл технологиялар дәрігерлерге шешім қабылдау барысында көмектесіп, пациенттерге тиімді медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Алайда, бұл жағдайда ЖИ жүйелерінің шешімдері жауапкершілік пен қауіпсіздік мәселе-

бағыттардың негізін қалады. Соның ішінде жасанды интеллект логика мен математика ғылымдарының дамуы нәтижесінде пайда болды.

Жасанды интеллектіні дамытудың негізгі төрт бағыты

Әл-Фарабидің философиялық қағидалары жасанды интеллектіні дамытудың төрт негізгі бағытына үлес қоса алады. Біріншіден, философиялық негіздеу. Ақыл мен рухтың бірлігін мойындай отырып, AI дамуын этикалық тұрғыда жүйелеу. Екіншіден, этикалық бағдар. Жасанды интеллектіні жобалау кезінде «қайырымдылық» пен «әділеттілік» қағидаттарын енгізу. Үшіншіден, білім беру саласында жеке тұлғаға бағытталған, рухани және интеллектуалдық әлеуетті дамытатын интеллектуалды оқыту жүйелерін құру. Соңғысы гуманистік футурология. Технологияны адам табиғатын жетілдіру құралы ретінде дамыту.

ЖИ-дің дұрыс қолданылуы үлкен пайда әкеледі, бірақ оның дамуынан туындайтын этикалық мәселелерді шешу, адам құқықтарын сақтау және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету – маңызды міндет. ЖИ-дің келешегіне қатысты қадамдар тек ғылыми және техникалық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік және этикалық тұрғыдан да ойластырылып жүзеге асырылуы керек. Бір күні әлдекім Әбу Насыр Әл-Фарабиге тамаша болып толыса піскен алманы көрсетіп, сауал қойыпты: «Осы алманың бітім-болмысындағы жақсы қасиет не? Түсі ме, шырыны ма, дәмі ме, әлде бітімі ме?».

Сонда Әл-Фараби: «Бәрінен де оның ұрығы тамаша. Өйткені, осы алманың өзі сол ұрықтан өсіп шыққан және одан бүкіл бақ пайда болды ғой!» деп жауап берген екен. Сол секілді, қазіргі қоғамдағы жасанды интеллектінің ғажайыбына таңдай қағамыз. Десек те, жасанды интеллектті дүниеге адамның әкелгенін ұмытпаған абзал.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Пірімбек СҮЛЕЙМЕНОВ, «Әл-Фараби» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, саясаттану ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор:

«Әділетті қоғам» идеясы – Фараби ілімінде

2025 жыл – адамзат өркениетінің ұлы тұлғасы, екінші ұстаз атанған Әбу Насыр Әл-Фарабидің туғанына 1155 жылдығына арналған тарихи кезең. Бұл – рухани мұра мен ғылыми-философиялық даналықтың жаңа дәуірде қайта жаңғыруының айғағы. Оның философиялық терең ойлары, логикалық талдауы, этикалық қағидалары мен ғылымға деген көзқарасы ғасырлар өтсе де өз мәнін жоймай, бүгінгі XXI ғасырдың цифрлық дәуірінде жаңа қырынан танылып отыр.

Президентіміздің айтып жүрген «Жаңа Қазақстан» орнатудағы «Әділетті қоғам құру» ұлттық саяси бастамалары сөзсіз ұлы ойшылдың идеяларымен ұштасатыны анық. Әділетті қоғам құру идеясы барлық қазақстандыққа тән Жолдау болып саналады, бұны өз кезегінде Әл-Фараби де өз шығармашылықтарында қамтыған болатын. Әділеті қоғам идеясы Платонның (идеалды) ізгілікті мемлекет және Әл-Фарабидің (қайырымды қала) ұғымдарымен қисынды жалғасатынын толық сенімділікпен айтсақ болады. Фараби идеялары заманауи ғылым мен жасанды интеллекттің философиялық мәнімен тоғысып, жаңа буынға ізгілікке негізделген саналы қоғам құрудың жолын айқындайды.

Әділетті ел болу – ең алдымен қазақтың ұлттық идеясы және біздің ұлы бабаларымыздың арманы болды. Осы орайда Әл-Фарабидің даналық идеяларын қазіргі заманның ғылыми-инновациялық дамуымен ұштастыра отырып, гуманистік және интеллектуалды қоғам құруға үлес қосу – аса маңызды қадам.

Дана САДЫРҚАН

Аталған мәселені пайымдауда Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фарабидің философиялық мұрасы айрықша мәнге ие. Оның ғылым мен этиканы, ақыл мен адамгершілікті, білім мен қоғамды тұтастықта қарастыратын ілімі бүгінгі жасанды интеллект дәуіріндегі адам мен технология арасындағы байланысты терең түсінуге мүмкіндік береді. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» сияқты еңбектері рухани кемелдік пен зияткерлік дамудың үйлесімі арқылы қоғамның тұрақты әрі ізгілікті дамуына бағытталған философиялық бағдар ретінде өзектілігін сақтап отыр.

Этикалық сын-қатерлер

Жасанды интеллектінің қоғамға әсері кең ауқымды, оның ішінде жұмыс орындарының өзгеруі, жеке құпиялылықтың сақталуы, алгоритмдердің әділетсіздігі мен кемсітушілік, автоматтандырылған жүйелердің жауапкершілігі секілді мәселелер басты назарда. Бұл проблемаларды шешу үшін тек технологиялық қадамдар жеткіліксіз, сонымен қатар этикалық және құқықтық нормаларды реттеу қажет. ЖИ технологияларын қолданудың қоғам мен адамға деген теріс әсерлерін азайту үшін оның этикалық аспектілерін, қауіпсіздігін және жауапкершілікті қамтамасыз ететін саясат пен механизмдерді әзірлеу маңызды.

Америкалық философ Дэниел Деннэттің «Жасанды интеллекттің дамуында адамның ақыл-ойын қайталаудың маңызы зор. Алайда, біз бұл процесті басқарған кезде, оның қоғамға ықпалын, этикалық және құқықтық аспектілерін ескеріп отыруымыз қажет» дегені бар. Ал «Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу», – дейді Әл-



ЖАҢА МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Алматы қаласының Жетісу ауданында «Құлагер» бастапқы медико-санитарлық көмек көрсету орталығы ашылды. Салтанатты іс-шараға Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов, Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева және аудан тұрғындары қатысты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жергілікті халықтың сұранысымен қолға алынған жоба – ауданның денсаулық сақтау жүйесін дамытудағы маңызды қадам. Орталықта бастапқы медико-санитарлық көмектің барлық негізгі түрлері көрсетіледі. Атап айтқанда, жалпы практика дәрігерлері мен бейінді мамандар қабылдау жүргізеді. Профилактикалық тексерулер мен скринингтік бағдарламалар ұйымдастырылады. Жүкті әйелдер мен балалар

тұрақты бақылауға алынады. Вакцинация жасалады. Созылмалы аурулары бар науқастар динамикалық бақылаумен қамтылады. Сондай-ақ, шұғыл медициналық көмек пен үй жағдайындағы патронаж қызметі де қолжетімді. Филиал заманауи медициналық құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Бұл диагноз қоюдың дәлдігін арттырып, емдеу сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Еркін жүріп-тұруы қиын емделушілер үшін де барлық жағдай қарастырылған.

Мекемеде дәрілік заттарды сақтау талаптарына сай қоймасы бар дәріхана жұмыс істейді. Акушер-гинеколог кабинеті заманауи көпфункционалы гинекологиялық кресломен, бейнекольпоскопия құрылғысымен және шағын операцияларға арналған электрокоагулятормен жабдықталған. Жүкті әйелдер үшін баланың жағдайын жедел бақылау мақсатында кардиотокография жүргізіледі.

Аудан тұрғыны Зинаида Коверзнева медицина саласында ұзақ жыл еңбек еткенін айтып, жаңа емхана тұрғындарға сапалы әрі қолжетімді қызмет көрсетініне сенім білдірді.

«Медицина саласында 1973 жылдан бастап 2025 жылға дейін 52 жыл еңбек еттім. Осындай заманауи, кең әрі жарық емхананың ашылғанына шын жүректен қуанып отырмын. Ғимарат та, кабинеттер де өте қолайлы. Ең бастысы – мұндағы медицина қызметкерлері білікті, тәжірибелі. Енді емделушілерге де, әрі дәрігерлерге де жұмыс істеу әлдеқайда ыңғайлы болады», – деді ол.

Шетелде тағылымдамадан өткен, орталықтың акушер-гинекологы Гүлшат Қанапиева: «Өткен жылы Беларусь Республикасының Минск қаласында екі апта тағылымдамадан өттім. Жатыр мойны патологиясы бойынша дәріс алдық. Онда жүктілік туралы, стационар жағдайында тексеру және емдеу тәжірибесімен жан-жақты таныстық. Әсіресе, жатыр мойнын ерте кезеңде сауықтыру тәсілдері көңілімізден шықты. Қазір бұл әдістердің барлығын жұмыста да қолданып жүрміз. Емханада заманауи диагностикалық аппараттар бар, қажетті құрал-жабдықтар да жеткілікті. Шетелде алған тәжірибені толық қолдануға мүмкіндік бар».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ұлмекен СМАИЛҚЫЗЫ, «Құлагер» бастапқы медико-санитарлық көмек көрсету орталығының директоры:

Орталықтың бірінші қабатында цифрлық рентген аппараты мен жаңа маммограф орнатылған. Екінші қабатта барлық ультрадыбыстық зерттеу түрлерін жүргізуге арналған заманауи УДЗ құрылғылары бар. Оның ішінде жүкті әйелдерге арналған скринингтік тексерулер де қамтылған. Сонымен қатар, ЛОР-комбайн, офтальмолог кабинеті офтальмоскоп, авторефрактометр, көз ішілік қысымды жанаспай өлшейтін аппарат және биомикроскопия құралдарымен жабдықталған. Филиалда ересектерге, жүкті әйелдер мен балаларға арналған жеке кіреберістері бар сүзгі аймақтары қарастырылған. Барлық санитарлық талаптарға сай изолятор жұмыс істейді. Жалпы, қан және зәр талдауы, микрореакция, қант, холестерин және басқа да зерттеулер жүргізуге арналған жеке зертхана бар. Жобаны іске асыруға жергілікті атқарушы органдар, серіктестер мен медицина мамандары атсалысты. Міне, соның арқасында аудан тұрғындарының игілігіне жаңа медициналық мекеме беріліп отыр.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ІЗГІЛІКТЕН ІЗ ҚАЛАР

Әріптестер көп балалы анаға қуаныш сыйлады

Гүлзира Сәрсембаева – үш қыз, екі ұлды жалғыз өзі бағып отырған көпбалалы ана. Үлкені – он бірде, кенжесі небәрі екі жарым жаста. Алматыдағы хостелдің бір бөлмесінде тұрып жатыр.

Біздің әріптестеріміз – Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметінің журналистері Жаңа жыл қарсаңында осы бір отбасын қуантпақ ниетпен, азық-түлік, сыйлықтарын көтеріп, сәлемдесе барды. Гүлзираны 2022 жылы ері бес баласымен тастап кеткен екен. Қазір екеуі ресми түрде ажырасқан. Бұрынғы күйеуі басқа әйелмен тұрады, балаларының тәрбиесіне араласпайды. Соңғы үш айда ғана 100 мың теңге көлемінде алимент төлей бастапты. Оған дейін бар ауыртпалықты әйел жалғыз өзі көтеріп келген.



Қазір Гүлзира өздері тұрып жатқан хостелдің еденін жуып, пәтердің ақысын өтейді. Яғни сөйтіп есеп айырысады. Күндіз мектепке дейінгі даярлық орталығында мұғалім болып істейді де, түстен кейін тағы екі жерде техқызметкер болып табыс табады. Қиындыққа мойымай, көзге көрінген балалары үшін жанын жалдап күні-түні жұмыс істеп жүрген жас әйелдің жайы осы. Көршілері де Гүлзираның еңбекқор екенін айтады. Олар тұрып жатқан хостелде вахтер болып істейтін Зараш апай оны «ешқашан мойымайтын, балаларына барын беретін өте қамқор, мейірімді ана» деп мақтап отыр.

Тосыннан келген журналист-меймандар сыйлаған сыйлықтар мен тәттілерге риясыз қуанған балалардың жарқын жүзі ұядай бөлмені жылылыққа толтырып жібергені анық. Гүлзираның кішкентай ұлы сөзге тартқан журналистерге: «Өзіме ештеңе керек емес. Қолымда ақшам болса, анама үй, көлік сапып әперер едім», – деді. Сүйкімді баланың арманы орындалғай! Ал біз дәл осылай жақсылық жасап жарысып жүрейік, достар!

БРИФИНГ

ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ДАСТАРХАН

жайғанда тағам сапасын да естен шығармайық

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне биыл тағамнан ұшынды деген күдікпен 46 өтініш келіп түскен. Соған орай жоспардан тыс 18 тексеру жүргізіліп, көпшілік тамақтанатын 3 жердің тазалыққа қатысты талапты бұзғаны анықталды. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте департамент басшысының орынбасары Гаухар Қаткенова осылай деді.

Спикердің айтуынша, талап бұзған орындардың өнімнің жарамдылық мерзіміне және сақталу тәртібіне мән бермегені, қызметкерлердің жеке медициналық кітапшасы болмағаны анықталған. Тамақ пісіріп, таратар кезде құрал-жабдықтарды дұрыс қолданбағандан тұтынушылар ұшынып ауырып қалған. Тексеру қорытындысында заңды тұлғаларға жалпы сомасы 943,7 мың теңге көлемінде айыппұл салыныпты.

Алматыда биыл 3 адамның ботулизммен ауырғаны да тіркелген. Барлық науқас қажетті медициналық көмек алды. Гаухар Қаткенованың айтуынша, тамақтан ұшыну қаупі негізінен мереке күндері, соның ішінде Жаңа жыл қарсаңы мен іс-шаралар болып жатқан кезде жиілеп кететін көрінеді. Тағамнан ұшынудың негізгі белгілері – жүрек айнып, құсу, іштің ауыруы, іш өтіп, бас

айналу, әлсіздік. Ауыр жағдайда дене қызуы көтеріледі, ботулизм кезінде көздің көруі нашарлап, жұтыну қиындап, бұлшықетте әл болмайды.

Алғашқы белгілер пайда болған жағдайда әркім өзін-өзі емдеумен айналысып кетпей, дереу медициналық көмекке жүгінуі керек дейді спикер.

Сарапшының айтуынша, адамдар көбіне майонез қосылған салаттарды, термиялық өңдеуден дұрыс өтпеген ет пен балық тағамын тұтынғанда, сондай-ақ ұзақ тұрып қалған дайын тағамдарды жеген кезде ұшынып қалады.

Мереке күндері тағам қауіпсіздігін сақтау үшін мынандай ережелерді қаперге алған жөн:

- тез бұзылатын өнімдерді +2...+4°C температурада сақтау;
- дайын тағамды бөлме температурасында 2 сағаттан артық ұстамау;
- ет, балық және жұмыртқаны толық термиялық өңдеуден өткізу;
- үйде жасалған консервілерді тұтынудан бас тарту;
- иісі, сыртқы түрі күмәнді немесе мерзімі өткен өнімдерді қолданбау;
- ұшынған жағдайда дәрігерге қаралып, күдікті тағам қалдығын мүмкін болса тексеру үшін сақтап қалу керек.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



721 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ

тұтынушыларға қайтарылды

Биыл Алматыдағы Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті азаматтардан түскен 15,1 мыңнан астам өтінішті қарап, тұтынушыларға қайтарылған қаражаттың жалпы сомасы 721,7 млн. теңгеден асып түсті. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен жылдың қорытындысына арналған брифингте Департамент басшысының орынбасары Нұрлан Әбдиев хабарлады.



мент қаладағы жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр. Білім беру, медициналық қызметтер мен көпшілік тамақтанатын салалардан көбіне тауарлар мен қызметтердің сапасы туралы тұтынушыларды жаңылыстыруға байланысты өтініш түседі.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға қалыптастыруына бақылау жүргізуге ерекше көңіл бөлініп отыр.

«2025 жылы қалада делдалдықты тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның 24 отырысы өткізілді. Нәтижесінде 523 құқықбұзушылық анықталып, жойылды, 485 әкімшілік хаттама толтырылды. Бұлар халық үшін өнімнің түпкілікті құнын төмендетуге мүмкіндік берді», – деп атап өтті Нұрлан Әбдиев.

Сонымен қатар, Департамент қаладағы қоғамдық ұйымдармен белсенді түрде ынтымақтастық орната

отырып, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде тұтынушылардың құқықтары мен кәсіпкерлердің міндетін жан-жақты түсіндіретін жұмыстарды да үзбей жүргізіп келеді.

Спикердің айтуынша, осы жұмыстардың нәтижесінен кейін алматылықтардың құқықтық сауаттылығы артып, жауапсыз кәсіпкерлік қызметке бақылауды одан әрі күшейту түсу қажет деген тоқтамға келген.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Спикердің айтуынша, Департамент жұмысының негізгі бағытының бірі – тұтынушылардың құқығын қорғау, сауда саласындағы мемлекеттік бақылау, сондай-ақ халықты кеңес беріп, құқықтық ағарту болып қала береді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Алматы қаласында шамамен 300 әкімшілік жаза қолданылған. Ең жиі кездесетін заң бұзушылық – тауарды айырбастаудан немесе қайтарудан бас тарту, тұтынушылардың шағымына уақытылы жауап бермеу, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген сауда үстемесін асырып жіберу екен.

Өтініштердің негізгі бөлігі бөлшек және электрондық сауда саласына тиесілі. Тұрғын үй-коммуналдық қызметтер мәселелері бойынша Департа-

ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

Ардагерлер жас жеткіншектермен кездесті

И.Қ.Мандоки атындағы №154 «Келешек» мектебінде «Желтоқсан оқиғасына қатысқан ардагерлермен тағылымды кездесу өтті. «Желтоқсан – Тәуелсіздік бастауы» атты іс-шараға Алатау ауданы Ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары, Желтоқсан ардагерлері шақырылды.

Тәуелсіздік күніне орай ұйымдас-тырылған іс-шара мектептің тарих пәні мұғалімдерінің бастамасымен өтті. Кездесу 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын еске алып, тарихи датаны және отаншылдықты дәріптеу, сондай-ақ, алаңға шыққан жастардың ерлігін үлгі тұтып, оқушылардың ел тарихына қызығушылығын арттыру, тәуелсіздіктің қадір-қасиетін терең ұғындыру мақсатында өткізілді.

Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталған іс-шара мектеп өнерпаздарының патриоттық ән-биімен, тақырыпқа байланысты көріністермен жалғасты. Оқушылар Желтоқсан ардагерлері Нұрлан Сүйін мен Ырыскүл Эсенкуловадан тарихи оқиғаға қатысты сұрақтарына жауап алды. 1986 жылы ҚазМУ-дың екінші курс студенті болған Нұрлан Сүйін көтерілістен соң қудалау көріп, оқудан шығарылғанын айтты. Ал 1986 жылы Фрунзеден жолдамамен келіп, Алматы құрылыс техникумына түскен

қырғыз қызы Ырыскүл Эсенкулова «шетелдік» студент болса да, Брежнев алаңына барып көтеріліске қатысқанын, алаңнан қашқан жастарды жатақханадағы өз бөлмесіне жасырғанын еске алды.

Алатау ауданы Ардагерлер кеңесінен келген Ахан Қанат мырза да сол кездегі Алматыдағы жағдай жайлы сөз қозғады. Ол Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы мызғымастай көрінген КСРО-ның іргесін шайқап, Тәуелсіздікке жол ашқанын баса айтып өтті.

Тағылымы мол кездесу оқушыларға үлкен рухани әсер беріп, олардың отансүйгіштік сезімін нығайтты. Оқушылар кездесуге келген ардагерлерге алғыс айтып, өздерінің шынайы әсерлерімен бөлісті. Ал тағылымды іс-шара патриоттық рухтағы «Жаса Қазақстан» әнімен қорытындыланды.

**Альбина САБЫРЖАН,
№154 мектептің тарих пәні
мұғалімі.**



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ АРНАЛҒАН ТУРНИР

Бостандық ауданындағы ардагерлер бас қосты

Алматының Бостандық ауданында зейнеткерлер қоғамдық өмірге белсенді араласып келеді. Жастарының ұлғайғанына қарамастан қала тазалығына, мәдени-рухани, бұқаралық-спорттық іс-шараларға да ынталы кірісіп, ұрпақ сабақтастығына өзіндік үлес қосып отыр.

Бостандық ауданындағы әуедоп үйірмесіне қатысушы зейнеткерлер Тәуелсіздік күніне орай бас қосып, аудандық турнир өткізді. Спортсүйер аға-буын өкілдеріне құралған командалардың жарысы барынша тартысты өтті. Зейнеткерлер ұлық мерекені осындай айрықша белсенді спорттық рухта қарсы алды.

Аудандағы волейбол үйірмесі бұдан екі жыл бұрын әкімдіктің айрықша қолдауымен құрылған болатын. Қазірге дейін онда 21 зейнеткер тұрақты қаты-

сып, спорттық жарыстарға барып, саулауатты да белсенді ұзақ өмірдің үлгісін танытып келеді. Зейнеткерлердің қоғамдық өмірге белсенді түрде араласуын қолдау үшін алдағы уақытта үстел теннисі, баскетбол, тоғызқұмалақ үйірмелерін құру жоспарланып отыр.

Еліміздегі зейнет жасындағы азаматтардың өмірге тарту бағытында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат өзінің күткеннен де зор нәтижесін беруде. Оған бір ғана Бостандық ауданындағы белсенді аға буын өкілдерінің қазіргі өмір дағдысы толық мысал бола алатындай. Аудандағы ардагерлер тартысты турнир жеңісін Тәуелсіздік күніне арнап, егемен елдің ертеңіне ізгі тілектерін арнады.

**Қ.ЕРМЕКОВ,
Бостандық ауданы Ардагерлер
кеңесінің спорт жөніндегі
тұрақты комиссия төрағасы.**



БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ

Қазақстан халқы Ассамблеясы жылды қорытындылады

Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойына арналған этномәдени бірлестіктердің республикалық конференциясы өтті. Іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, Ассамблея мүшелері және этномәдени бірлестіктердің басшылары қатысты.

қажет. Қазақстанда түрлі саяси партиялар бар. Қазақстан халқы Ассамблеясы – этносаралық келісімді нығайтуға, қоғамдық диалогты дамытуға және азаматтық жауапкершілікті арттыруға ықпал ететін маңызды институт. Баршаңызға табыс, денсаулық тілеймін. Ең бастысы, елімізде тыныштық пен тұрақтылық болсын!», – деді ол.

«Қазақстан ұйғырлары» этномәдени орталығының төрағасы Долкунтай Абдулхалилұлы «Жомарт жан» қайырымдылық жобасы аясында Алматы қаласындағы әлеуметтік осал топтарға, оның ішінде мыңнан астам балаға көмек көрсетілгенін хабарлады.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Махинур ИСРАИЛОВА,
Алматы қаласы Қазақстан халқы
Ассамблеясы төрағасының орынбасары:

АНАЛАР КЕҢЕСІ – ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫН НЫҒАЙТАДЫ

Алматы қаласындағы Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің құрамына әртүрлі ұлт өкілдері, жасы мен өмірлік тәжірибесі сан алуан әйелдер кіреді. Бұл ұйым біраз жыл бойы жастар тәрбиесімен айналысып, қоғамдық бірлікті нығайтуға және рухани құндылықтарды насихаттауға үлес қосып келеді. Аналардың даналығы мен өмірлік тәжірибесі әлеуметтік мәселелерді шешудің берік негізіне айналып отыр. Әсіресе, жастармен жұмыс, зиянды әдеттердің алдын алу, патриоттық сананы қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау – маңызды бағыттардың бірі.

Отыз жылға жуық уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесі мол тәжірибе жинады. «Бөтен бала болмайды», «Балаларға қуаныш сыйла», «Аға буынға қамқорлық» сияқты ауқымды жобаларды жүзеге асырды. Сонымен қатар, республикалық деңгейде «Салауатты сана», «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасын іске асырып келеді. Осындай жобалар арқылы алған тәжірибе Аналар кеңесінің берік отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға, әлеуметтік мәселелердің алдын алуға, нашақорлық пен жастар арасындағы құқықбұзушылыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған жүйелі жұмысына негіз болды.

Қазіргі таңда Аналар кеңесі цифрлық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесіне ерекше көңіл бөліп отыр. 25 қараша мен 6 желтоқсан аралығында бүкіл әлемде «Цифрлық зорлық-зомбылыққа қарсымын» атты халықаралық акция

өтті. Дүнген мәдени орталығы жанындағы Аналар кеңесі «Цифрлық зорлық-зомбылық» және «Мен цифрлық зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында іс-шара өткізді. Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында өтетін барлық іс-шараға белсенді қатысады.

Зульфия БАЙСАКОВА,
Алматы қаласы Аналар кеңесінің төрағасы,
«Ахыска» түрік этномәдени орталығының мүшесі:

ҚҰРМЕТ ПЕН СЫЙЛАСТЫҚ – ҚОҒАМДАҒЫ ТАТУЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

«Ахыска» түрік этномәдени орталығы – Қазақстан халқы Ассамблеясы атты үлкен отбасының бір бөлшегі. Барлық этномәдени бірлестіктер сияқты біздің орталық та маңызды миссия атқарып келеді. Бұл орталық Қазақстанда тұратын түрік халқының салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін сақтау, ұрпақтар сабақтастығын нығайту бағытында жұмыс істейді. Біз жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлеміз. Ең алдымен, оларды өз тарихын құрметтеуге, еліміздің көпұлтты қоғамына сыйластықпен қарауға тәрбиелейміз.

Жастарға толеранттылықты, яғни өзге ұлт өкілдеріне, олардың дәстүрі мен әдет-ғұрпына құрметпен қарауды үйретеміз. Мен ана ретінде өз балаларыма ғана емес, бүгінде үш қызым мен төрт немереме де осыны үнемі айтып отырамын. Өзге ұлтты құрметтеу, олардың мәдениеті мен салт-дәстүріне сыйластықпен қарай білу – қоғамдағы татулықтың негізі саналады. Қазақстан халқы Ассамблеясы осы тұрғыда өте үлкен рөл атқарды. Мен үшін, түрік этносының өкілі ретінде, Ассамблея – өзара түсіністікке, сыйластыққа тәрбиелейтін бірегей алаң.

ГЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Сәтбаев институтына – 85 жыл

Биыл Қаныш Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының құрылғанына 85 жыл толды. Осы мерейлі датаға орай ұйымдастырылған ғылыми жиын мерекелік іс-шара ғана емес, Қазақстан геологиясының болашағын айқындайтын маңызды ғылыми алаңға айналды.



қалыптастырып, саладағы кадрлық сабақтастықты нығайтуды көздейді. Бұған қоса, Qanysh AI Geoinsights атты геологиялық жасанды интеллект платформасын жүзеге асыру көзделген. Ол деректерді терең талдап, ғылыми шешім қабылдауға көмектесетін зияткерлік құрал ретінде ұсынылды.

Басқосуда сөз алған институт директоры Асқар Сыздықов аға буын ғалымдар, сала мамандары, студенттер мен жас зерттеушілердің бір алаңда бас қосуы қазақстандық геология мектебінің сабақтастығы мен тұтастығының айқын көрінісі екенін атап өтті.

«Сексен бес жыл – жәй ғана дата

емес. Бұл ел тарихындағы тұтас бір дәуір. Индустриялық даму кезеңі, үлкен ғылымның қалыптасу дәуірі, Қазақстандағы ғылыми егемендіктің іргесі қаланған уақыт. Геологиялық ғылымдар институты 1940 жылы құрылды. Сол кезеңде-ақ ірі мыс провинциялары, полиметалл кен орындары, мұнай, хромиттер және кейін ел өнеркәсібінің негізіне айналған көптеген жаңалықтар ашылып, Қазақстан әлемге өзінің геологиялық әлеуетін көрсете бастаған болатын», – деді Асқар Сыздықов.

Іс-шара барысында геология ғылымының елдің ресурстық және технологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі, сондай-ақ жасанды интеллект дәуіріндегі ғылымның жаңа міндеттері кеңінен талқыланды. Мерейтойлық жиынға мемлекеттік органдардың өкілдері, ғалымдар, бизнес қауымдастығы мен халықаралық серіктестер қатысты. Ресми бөлімнен кейін қонақтарға арналған концерттік бағдарлама ұсынылды.

85 жылдық тарихы бар Сәтбаев институты бүгінгі күні өткенді саралап қана қоймай, қазақстандық геология ғылымының болашағына нақты бағыт ұсынып отыр.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің

2025 жылғы 25 желтоқсандағы №4/675-1637 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 10 шілдедегі № 208-К хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қар балқыту пунктінің құрылысы үшін, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Латиф Хамиди көшесінің шығысы, Жүргенов көшесінің солтүстігінде орналасқан 21 (жиырма бір) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ



ШЕШІМ

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің
2025 жылғы 15 желтоқсандағы №4 шешімі

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде
№218939 болып тіркелген)

«Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі №03 «Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

ШЕШТІМ:

1. Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің «Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» 2019 жылғы 12 сәуірдегі №03 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1546 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасында:

1) №341, 342, 346, 347 сайлау учаскелерінің шекаралары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес өзгертілсін;

2) жаңадан ашылған №675, 676 сайлау учаскелері осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес толықтырылсын.

2. Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жетісу ауданының әкімі

Л.ЖЫЛҚЫБАЕВА

«КЕЛІСІЛДІ»

Алматы қаласы

аумақтық сайлау

комиссиясының төрағасы

А.ҚАЛЫҚОВА

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің
2025 15 желтоқсандағы №4 шешіміне
1 қосымша

№341 сайлау учаскесі (орталығы: «№102 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Потанин көшесі, №226 үй).

Шекаралары: Герцен көшесінен батысқа қарай Баянауыл көшесінің солтүстік жағымен Сүйінбай даңғылына дейін; Сүйінбай даңғылының шығыс жағымен Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылының оңтүстік жағымен шығысқа қарай Герцен көшесіне дейін; Герцен көшесінің батыс жағымен оңтүстікке қарай Баянауыл көшесіне дейін.

№342 сайлау учаскесі (орталығы: «№102 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Потанин көшесі, №226 үй).

Шекаралары: Герцен көшесінен оңтүстікке қарай шығыс жағымен Баянауыл көшесіне дейін; Баянауыл көшесінен шығысқа қарай солтүстік жағымен Жетісу көшесіне дейін; Жетісу көшесінен солтүстікке қарай батыс жағымен одан әрі Гурьевская, Айтықов көшесімен Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылынан оңтүстік жағымен батысқа қарай Герцен көшесіне дейін.

№346 сайлау учаскесі (орталығы: «№101 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Жансүгіров көшесі, №352 үй).

Шекаралары: Сұлтанқарасу өзенінен Бурундай көшесімен оңтүстікке қарай Жансүгіров көшесіне дейін; Жансүгіров көшесінің батыс жағымен Палладин көшесіне дейін; Жансүгіров көшесінен Палладин көшесінің солтүстік жағымен «Айнабұлақ-3» шағынауданының шығыс шекарасына дейін; «Айнабұлақ-3» шағынауданының шекарасы бойымен солтүстікке қарай Ермолова көшесіне дейін; Ермолова көшесінің батыс жағымен Меешерский көшесіне дейін; Меешерский көшесімен одан әрі Сұлтанқарасу өзенінің бойымен Бурундайская көшесіне дейін.

№347 сайлау учаскесі (орталығы: «№101 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Жансүгіров көшесі, №352 үй).

Шекаралары: Палладин көшесі, 110/1 үйден «Айнабұлақ-3» шағынауданы шекарасының шығыс жағымен, Палладин көшесі, 174 үйге дейін; Палладин көшесі, 174 үйден солтүстік жағымен одан әрі шығысқа қарай Анна Никольская көшесімен Жансүгіров көшесіне дейін; Жансүгіров көшесінен батыс жағымен солтүстікке қарай Жансүгіров көшесі, 392 үйге дейін; Жансүгіров көшесі, 352 үйден оңтүстік жағымен батысқа қарай Палладин көшесі, 110/1 үйге дейін.

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің
2025 жылғы 15 желтоқсандағы
№4 шешіміне
2 қосымша

№675 сайлау учаскесі (орталығы: «№102 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Потанин көшесі, №226 үй).

Шекаралары: Бондаренко көшесінен Жангелдин көшесінің шығыс жағымен Баянауыл көшесіне дейін; Баянауыл көшесінен оңтүстік жағымен Қыдырбекұлы көшесіне дейін; Қыдырбекұлы көшесінің батыс жағымен Леваневский көшесіне дейін; Леваневский көшесінен Шерхан Муртаза көшесіне дейін; Шерхан Муртаза көшесінің батыс жағымен Бондаренко көшесіне дейін; Бондаренко көшесінің солтүстік жағымен Жангелдин көшесіне дейін.

№676 сайлау учаскесі (орталығы: «№101 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Жансүгіров көшесі, №352 үй).

Шекаралары: Палладин көшесі, 184 үйден бастап «Айнабұлақ» шағынауданының шығыс шекарасы бойымен Мағжан Жұмабаев көшесіне дейін; Мағжан Жұмабаев көшесінен солтүстік жағымен шығысқа қарай Мұқатай Беспаков көшесіне дейін; Мұқатай Беспаков көшесінен шығыс жағымен оңтүстікке қарай Омаров көшесіне дейін; Омаров көшесінен солтүстік жағымен шығысқа қарай Жансүгіров көшесіне дейін; Жансүгіров көшесінен батыс жағымен Анна Никольская көшесіне дейін; Анна Никольская көшесінен оңтүстік жағымен батысқа қарай, одан кейін Сельская көшесінен Палладин көшесі, 184 үйге дейін.

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

№ п/п	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты–жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Лутак Оксана Петровна Беляев Валерий Юрьевич	20-315-046-098	Жүргенов көшесі, 42	жалпы-0,0534 үлесі-0,0110
2	Абилкожаев Ержан Абдикалыкович, Котельников Александр Сергеевич	20-315-046-098	Жүргенов көшесі, 42	жалпы-0,0534 үлесі-0,0050
3	Алижанов Амаль Ахмедович	20-315-046-098	Жүргенов көшесі, 42	жалпы-0,0534 үлесі-0,0111
4	Бақберген Жомарт Бақбергенұлы	20-315-046-046	Латиф Хамиди көшесі, 21/37	жалпы-0,0859 үлесі-0,0085
5	Токтарбаева Акбота Нуражиевна	20-315-046-046	Латиф Хамиди көшесі, 21/37, 7 пәтер	жалпы-0,0859 үлесі-0,0080
6	Абдуллаханов Арман Кажимуратович	20-315-046-046	Латиф Хамиди көшесі, 21/37, 4 пәтер	жалпы-0,0859 үлесі-0,0102
7	Кыдырбаева Майра Шараловна	20-315-046-046	Латиф Хамиди көшесі, 21/37, 3 пәтер	жалпы-0,0859 үлесі-0,0045
8	Абдуллаханов Арман Кажимуратович,	20-315-046-046	Латиф Хамиди көшесі, 21/37, 5 пәтер	жалпы-0,0859 үлесі-0,0102
9	Ербулатова Асел Ербулатовна	20-315-046-046	Латиф Хамиди көшесі, 21/37, 10 пәтер	жалпы-0,0859 үлесі-0,0043
10	Алекашенков Виталий Михайлович	20-315-046-046	Латиф Хамиди көшесі, 21/373, 8 пәтер	жалпы-0,0859 үлесі-0,0085
11	Телипайло Виктория Дмитриевна, Телипайло Вячеслав Дмитриевич	20-315-046-046	Латиф Хамиди көшесі, 21/37, 1 пәтер	жалпы-0,0859 үлесі-0,0102
12	Мырзалиева Бейбитгуль Жуанышовна	20-315-046-046	Медеу ауданы, 99 учаске	жалпы-0,0859 үлесі-0,0056
13	Ким Алина	20-315-046-011	Латиф Хамиди көшесі, 19, 5 пәтер	жалпы-0,1006 үлесі-0,0100
14	Арынбаев Марат Турсынбекови	20-315-046-011	Латиф Хамиди көшесі, 19	жалпы-0,1006 үлесі-0,0050
15	Мырзалиев Курмаш Жуанышович	20-315-046-011	Латиф Хамиди көшесі, 19, кор.1	жалпы-0,1006 үлесі-0,0132
16	Фомина Екатерина Тимофеевна, Зеленова Светлана Евгеньевна	20-315-046-011	Латиф Хамиди көшесі, 19, 6 пәтер	жалпы-0,1006 үлесі-
17	Кутбидинов Шерали Нуридинович	20-315-046-011	Латиф Хамиди көшесі, 19	жалпы-0,1006 үлесі-0,0232
18	Ондыбаев Айдар Байжигитович	20-315-046-011	Латиф Хамиди көшесі, 19, 4 пәтер	жалпы-0,1006 үлесі-0,0100
19	Зординова Сахинур Бахтишатовна	20-315-046-011	Латиф Хамиди көшесі, 19	жалпы-0,1006 үлесі-0,0080
20	Сухинина Нинэль Викторовна	20-315-046-011	Латиф Хамиди көшесі, 19, 2 пәтер	жалпы-0,1006 үлесі-0,0125
21	Горобчукова Ирина Анатольевна	20-315-046-035	Латиф Хамиди көшесі, 17/40	0,0522

Тамақтан улану – құрамында патогендер немесе токсиндер бар сапасыз тағамдарды жеу арқылы дамитын өткір ауру. Әр адам өмірінде кем дегенде бір рет уланумен бетпе-бет келеді. ДДҰ мәліметтері бойынша, жыл сайын бүкіл әлемде сапасыз өнімдерді тұтыну нәтижесінде 600 миллионға жуық адам ауырады.

Ауру тез дамумен сипатталады. Уланудың алғашқы белгілері сапасыз тағамды жегеннен кейін 40–60 минуттан кейін пайда болуы мүмкін. Көп жағдайда ересектер сапасыз өнімдермен уланудың салдарымен оңай күреседі: жағымсыз белгілер бірнеше күннен кейін басылады және асқынұлар тудырмайды. Бірақ егде жастағы адамдарда, балаларда, иммунитеті төмен адамдарда ауру өлімге дейін ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Аурудың клиникалық көрінісі оны қандай микроорганизм немесе токсин тудыруына байланысты. Бірақ барлық уланулар келесі белгілермен сипатталады: әл-ауқаттың нашарлауы, шаршау; іштің ауыруы және құрысуы; жүрек айну және құсу; диарея; төмен қан қысымы; ауыздың құрғауы, бозғылт және терінің құрғауы.

Кейбір жағдайларда температура көтеріледі, бас айналады, бұлшықеттер мен буындар ауыра бастайды. Табиғи шыққан токсиндермен және күшті улармен улану неғұрлым ауыр және қауіпті белгілермен сипатталады: құрысулар, сананың бұзылуы, жүрек және тыныс алу жеткіліксіздігі, жүрек соғу жиілігінің жоғарылауы, көру қабілетінің бұзылуы, қимылдың азаюы. Тамақтан уланудың ең қауіпті және жиі кездесетін асқынуларының бірі – денедегі сұйықтықты жоғалту. Диарея мен құсу кезінде дене көп сұйықтықты жоғалтады, сонымен бірге қалыпты өмір сүру үшін қажетті электролиттер азаяды. Су мен электролиттердің жетіспеушілігі

метаболизмнің бұзылуына, ал ауыр жағдайларда өлімге әкеледі.

Сусызданудың алғашқы белгілері: шөлдеу, ауыздың және мұрынның шырысты қабығының құрғауы, дауыстың қарлығуы, еріннің және саусақтардың көгеруі.

Балалардағы денедегі судың жоғалуының алғашқы белгілерінде жедел жәрдем шақыру керек.

Сондай-ақ, улану кезінде келесі асқынұлар пайда болуы мүмкін:

Дисбиоз және тітіркенген ішек синдромы – ішек микрофлорасы құрамының, мөлшерінің немесе арақатынасының бұзылуы, соның салдарынан адам іштің ауырсынуын сезінуі, диарея немесе іш қатудан зардап шегуі, тамақтанғаннан кейін ауырлығын сезінуі мүмкін; сепсис және жұқпалы-уытты шок – әлсіреген иммунитет аясында дамуы мүмкін өлімге әкелетін жағдайлар. Патогендік микроорганизмдер мен олардың қалдықтарының улы өнімдері іштен шығып, қанға еніп, оны жұқтырады; гиповолемия – жасуадан тыс сұйықтық көлемінің азаюы байқалады.

Бұл жағдай денедегі судың жоғалуының кезінде дене натрийді көп жоғалтқанда пайда болады. Гиповолемия кезінде қан қысымы күрт төмендейді, тахикардия дамиды. Егер тамақтан улану белгілері пайда болса, өзін-өзі емдеменіз, медициналық көмек алу үшін маманға хабарласыңыз.

Мейрамгуль ТЮЛЮКПАЕВА,

Алматы бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының теміржол және су көлігіндегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау бөлімінің бас маманы.

Телефон: 8 702 941 29 41.



КІТАПХАНА

ТАРИХҚА ЕНДІ

Театрдың 80 жылы Ұлттық кітапхана қорында

Алматыдағы Ұлттық кітапхананың қоры тағы бір мазмұнды кітаптармен толықты. Тәуелсіздік күні қарсаңында Наталия Сац атындағы Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдерге арналған орыс театры өзінің бай тарихын қамтыған бірегей кітаптарды Ұлттық кітапхана қорына табыстады.

Бұл іс-шара бір мезетте екі маңызды мерейтойды тоғыстырды. Биыл – Қазақстандағы тұңғыш кәсіби балалар театры саналатын театр Н.Сацтың 80 жылдығы, сондай-ақ Ұлттық кітапхананың 115 жылдығы аталып өтуде. Осы айтулы күн аясында театр ұжымы өз тарихын, шығармашылық жолын, сахналық дәстүрін баяндайтын арнайы басылымның үш данасын ұлттық қорға мәңгілік сақтауға берді. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының директоры Ғазиза Нұрғалиева бұл тартудың маңызын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, театр тарихына арналған мұндай басылымдар – өнер шежіресі ғана емес, елдің мәдени жадының ажырамас бөлігі.

– Бұл кітаптар зерттеушілерге, студенттерге және өнерсүйер қауымға баға жетпес рухани қазына болмақ. Ұлттық кітапхана үшін осындай мәдени мұраны сақтау – басты міндеттердің бірі. Баршаңызды мерейтоймен құттықтаймын! Шығармашылық табыс тілеймін! Кітапты әзірлеу мен оны ұлттық қорға табыстау жолындағы еңбектеріңіз үшін зор алғысымды білдіремін, – деді ол.

Іс-шараға Н.Сац театрының танымал өнер өкілдері де қатысып, театр тарихынан сыр шертті. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Татьяна Тарская мен Қазақстанның халық әртісі Ольга Коржева театрдың қалыптасу жолындағы қиындықтар мен шығармашылық жетістіктерге тоқталса, «Құрмет» орденінің иегері, актер Махсат Сахиұлы бұл кітаптардың жас ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор екеніне тоқтала кетті:

– Осыдан он бес жыл бұрын мен де осы кітапханаға жиі келетінмін. Абайдың Қрыловтан аударған мысалдарын дәл осы жерден алып, оқып, жазып, дайындалдым. Өнер академиясына түсу үшін кітап іздеп, өлең, проза, поэзия, түрлі мысалдарды осы кітапханадан таптым. Ол кезде мұндағы тыныштық пен ерекше атмосфера адамның бойына білім мен жауапкершілікті сіңіретін. Бұл – бүгінгі жастар үшін аса қажет дүние. Қазір бәрі цифрландырылғанымен, кітапханадағы рухани орта ешқашан өз маңызын жоғалтпайды, – деді актер.

Кітаптардың Ұлттық кітапхана қорына тапсырылуы – өнер мен білімнің, сахна мен кітапхананың өзара үндестігін көрсеткен символдық сәтке айналды. Бұл бастама ұрпақтар сабақтастығын сақтап, мәдени мұраны келер буынға аман жеткізуге бағытталған маңызды қадам екені анық.

Айта кету керек, аталған кітаптар енді Ұлттық кітапхананың сирек қорында сақталып, театр тарихына қызығушылық танытқан барша оқырман мен зерттеушіге қолжетімді болады.

Аяжан ҚУАНЫШҚЫЗЫ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ
Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден
18.00–ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.



Қазақ баспасөзіндегі қалалық шежіресінде «Almaty aqshamy» газеті айрықша орын алады. Тоталитарлық жүйенің іргесі сөгіле бастаған шақта жарық көрген бұл басылым – ұлт рухының жаңғыруының белгісі болатын. Рас, Алматыдай алып шаһарда қазақ тіліндегі қалалық газеттің дүниеге келуі оңай болған жоқ. Бірақ тарих дәлелдегендей, «Almaty aqshamy» сол күрделі кезеңнің өзінде өміршеңдігін көрсете алды.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Естай БОЖАН,
«Алматы ақшамы» газеті Бас редакторының міндетін атқарушы:

ТҮРЛЕНГЕН АЛМАТЫМЕН
БІРГЕ ТҮЛЕЙМІЗ...

Газетіміз Алматының ең басты қоғамдық-саяси басылымы. Өзіндік тарихи миссиясы мен жолы бар, сондықтан да сенімді дереккөз ретінде алматылықтардың көңілінен орын алған. Әлбетте, басылымның тұрақты оқырмандары бар, алайда қазіргі медиакөңістіктегі тенденцияларға байланысты кең аудитория үшін қызу бәсекеге түсуге тура келеді. Әсіресе, «Кітап оқитын ұлт» қалыптастыруда бүгінгі газет-журналдарға жүктелетін міндет ауыр. Бұл бағыттағы біздің ұстаным айқын – басылымның өзіндік дәстүрін сақтай отырып, күн сайын түрленіп жатқан Алматымен бірге түлеу; Ұдайы жаңашылдыққа ұмтылып, заманға сай трансформациялану; Жаңа әрі жас аудиторияны да өзімізге тартып, заманның тілімен, дәуірдің үнімен сай контент өндіру де біздің алдағы басым бағытымыз болмақ.

Биыл «Алматы ақшамы» газеті «Жыл таңдауы» атанды. Республикалық жобаның мәртебелі марапты – басылым үшін тер төккен барлық буынның еңбегі. Бұл жетістік ақшамдықтардың кәсіби ізденісі мен шығармашылық бірлігінің нәтижесі ғана емес, мәртебелі оқырманның ыстық ықыласы деп білеміз. Алматының ақшамында «Ақшамды» парақтап отырған әр оқырманның патша көңілі үшін бар күшімізді саламыз.

АЛМАТЫНЫҢ РУХЫ МЕН ҮНІ

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газеттің алғашқы қадамдары кеңестік идеологияның құрсауында жасалды. Алғашында «Вечерняя Алма-Ата» газетінің қосымшасы ретінде жарық көрген «Almaty aqshamy» уақыт өте келе өз алдына дербес шаңырақ көтерді. Осы тұста редакция тізгінін ұстаған азаматтар газеттің қазақы болмысын сақтап қалуға күш салды. Максим Сәрсенов пен Исламғали Бейсебаев сынды қаламгерлердің еңбегі басылымның алғашқы тынысын ашты. Кейін Ерғали Сағат басқарған кезеңде «Ақшам» аударма сипаттан арылып, дербес ойы бар, қаланың тынысын дөп басатын басылымға айналды.

Газеттің даму тарихындағы ерекше белес – үшінші Бас редактор Қали Сәрсенбайдың тұсында болды. Бұл кезеңде газет әкімдікке қарасты болғанымен, шығармашылық еркіндік пен интеллектуалдық деңгей басты орынға шықты. Қарымды

қаламгер басқарған тұста «әкімдіктің газеті» деген түсініктің шеңберінде қалып қоймай, ойлы оқырманы іздеген басылым қалыптасты.

Осы жылдары «Almaty aqshamy» қаланың тарихи жадын жаңғыртуда айрықша рөл атқарды. Газет бетінде «Мың жасаған шаһар» айдары ашылып, Алматының мыңжылдық тарихы жүйелі түрде жазыла бастады. Нәтижесінде Алматының мыңжылдығы ЮНЕСКО аясында мойындалып, газеттің ұранына айналған «Мың жасаған шаһардың шамшырағы» тіркесі қоғамдық санаға сіңді.

Кейінгі жылдары газетті Төрехан Данияров басқарған тұста «Almaty aqshamy» заман талабына сай бейімделіп, жаңа форматтармен, жаңарған мазмұнмен жарық көре бастады. Бұл кезде қала әкімдігінің жұмысын алматылықтардың өз тілінде берудің жаңа үлгісі, өзіндік тиімді тәсілдері жүзеге асты. Әрі дәстүрлі медиадағы ұрпақ сабақтастығы бұзылмаған күйде қазірге жалғасты. Ал бүгінде басылым дәстүр мен жаңашылдықты ұштасты-

рып, цифрлық дәуірдің талаптарына икемделіп келеді.

Отыз жеті жыл – бір газет үшін үлкен өмір. Осы уақыт ішінде «Almaty aqshamy» билік пен бұқараның, тарих пен бүгіннің, рух пен қала тіршілігінің арасындағы алтын көпір бола алды. Мыңжылдық шаһардың шамын сөндірмей, оны уақыт желіне қарсы алып келе жатқан бұл басылым алдағы жылдары да Алматының айнасы бола алары сөзсіз.

Газет – ұжымдық еңбек. Әр нөмір жарық көргенге дейін ол тілшінің ойынан, редактордың талғамынан, корректордың көзінен, дизайнердің қолынан өтіп, қаншама еңбек адамының маңдай терімен шыңдалады. «Алматы ақшамы» осы ұжымдық жауапкершіліктің, ортақ мақсаттың арқасында қалыптасты. Алдағы уақытта да басылым өз оқырманына қажетті ақпараттар мен тағылымдық мақалаларды ұсынудан айнымай, алматылықтардың тыныс-тіршілігін, қала өмірінің өзекті мәселелерін жүйелі түрде жазып, мыңжылдық шаһардың шамшырағы болып қала бермек.



Қуаныш ХАБАЕВА,
хатшы-референт:

ОҚЫРМАНМЕН БАЙЛАНЫС
ҮЗІЛГЕН ЕМЕС

Мен «Алматы ақшамы» редакциясына 1999 жылдың 4 сәуірінде келдім. Алғаш келген күнім әлі есімде. Ол кезде газеттің Бас редакторы – Ерғали Сағат талапшыл, тәртіпке қатты қарайтын басшы екенін білетінмін. Тәжірибемді сұрап, сынақ мерзімімен қабылдаған еді. Содан бері, міне, осы қара шаңырақта 30 жылға жуық қызмет етіп келемін.

Жылдар өте келе редакцияда талай өзгеріс болды. Бас редакторлар ауысты, әр кезеңнің өз тынысы, өз бағыты қалыптасты. Бірақ «Ақшамның» басты ұстанымы – оқырманмен байланыс ешқашан үзілген емес. Бұл байланыс ең алдымен қабылдау бөлімінен басталады. Қабылдау бөліміне күн сайын түрлі адамдар келетін. Ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері, танымал тұлғалар, қоғам қайраткерлері, қарапайым қала тұрғындары – бәрінің жолы осы жерден өтетін. Әзілхан Нұршайықов атамыз жиі келіп тұратын. Сол жылдары белгілі тұлғалардың күнделіктері, шығармалары алғаш рет «Алматы ақшамында» жарық көріп, әр санын асыға күтетін оқырман көбейді. Қабылдау бөліміндегі телефон бір сәтке де тынбайтын. Сол кезден-ақ, «Алматы ақшамының» қала өміріндегі орны ерекше.



Сағит ҚАЙЫРЖАНҰЛЫ,
редакция меңгерушісі:

ҰЖЫМЫМЫЗ
ҰЙЫМШЫЛ

Біздің ұжымның ерекшелігі – шығармашылыққа жақындығы, ұйымшылдығы дер едім. Әріптестерімнің арасында ән айтатындар, домбыра мен гитарада ойнайтындар бар. Тіпті, ақындар да бар. Олар мерекелік

басқосулардың сәнін келтіріп, ән мен күйге бөлеп жібереді. Журналистер күні мен Наурыз мейрамын біздің ұжым әрдайым ерекше атап өтеді. Табиғат аясына шығып, думандатып, бір серпіліп қайтамыз. Кейде редакция ішінде де отырыстар ұйымдастырып тұрамыз. Сондай сәтте жұмыс орны тек қызмет атқаратын мекеме емес, нағыз бірлік пен жылылық ордасы екенін сезінесің.

Мен басқаратын бөлім холдингтің толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Бұл ғимарат – 1959 жылы салынған тарихи нысан. Инженерлік желілердің дұрыстығына, ішкі-сыртқы тазалыққа, техникалық қауіпсіздікке жауаптымыз. Көлік жүргізушілері күн сайын журналистерді түрлі іс-шараларға апарады, ал түнде және таңда газеттің жаңа нөмірін оқырманға жеткізеді. Жұмысымыз көпшілікке көрінбеуі мүмкін, бірақ үлкен жауапкершілікті талап ететін еңбек деп санаймын.



Ақмөр МОЛДАҚҰЛОВА,
бет қаттаушы:

«АҚШАМ» – МЕНІҢ
ЕКІНШІ ОТБАСЫМ

Мен «Ақшамның» табалдырығын аттағанда, 20 жасар бойжеткен едім. Бұл – 1991 жыл болатын. Содан бері бір ұжымда, бір газетте табан аудармай еңбек етіп келемін. Уақыт өте көп нәрсе өзгерді, заман жаңарды, технология дамыды. Ол кезеңмен салыстырғанда бүгінгі «Almaty aqshamy» – мүлде басқа және заманауи басылым.

Әр бет біз үшін үлкен жауапкершілік, оқырманға деген құрмет. Адам өмірінің көп бөлігі жұмыс орнында өтеді ғой. Сол себепті, әріптестерім екінші отбасымдай болып кетті. Ұжымда өзара түсіністік пен сыйластық болмаса, нәтиже де болмайды. Газет жұмысы – үнемі қарбалас. Бет қаттау үстінде жаңа материал түсіп, суреттер аяқасты ауысып кететін сәттер аз емес. Бірақ біз осы қарбаластың ішінде шыңдалып, бір-бірімізге тірек бола білдік. Осы жылдар ішінде талай жақсы адамдарды, тағдырлы жандарды жолықтырдық. «Ақшамның» арқасында Асанәлі Әшімов сынды аңыз адаммен, Қадыр Мырза-Әлідей ұлы ақын ағаларды, көптеген тұлғалармен жүздесудің бақыты бұйырды. Осындай кездесулер менің өмірімдегі баға жетпес естеліктері.

Алда келе жатқан жыл ұжымымыз үшін тың жаңалықтарға, игі бастамаларға толы болады деп сенемін. «Almaty aqshamy» әрдайым өз биігінде болып, оқырманымен бірге өсіп, өркендей берсін!